Способов предотвращения уплотнения почв разработано пока еще недостаточно. В определенной мере к этому направлению может быть отнесена технология "нулевой" обработки почвы, а также предложения по внедрению машин на воздушной подушке и мостового земледелия. Однако для практического использования двух последних способов требуется проведение длительных НИОКР. На данном этапе развития науки и техники наиболее эффективный прием разуплотнения почвы - механическое рыхление на глубину 0,6-0,7 м с помощью глубокорыхлителей – щелевателей.

Разуплотнение почвы с помощью глубокорыхлителей - щелевателей весьма перспективно, так как только в РФ в нем нуждаются более половины сельскохозяйственных угодий, а в зонах водной эрозии - все пахотные площади. Необходимо отметить, что если разуплотнение пахотного слоя и "плужной подошвы" на глубину до 0,45 м в настоящее время освоено и для этого разработаны и используются чизельные плуги и культиваторы-рыхлители, то разуплотнение более глубоких слоев (>0,5 м) из-за отсутствия соответствующих орудий применяется пока недостаточно (хотя этот прием достаточно изучен агрономическими институтами сельского хозяйства).

Во многих странах для глубокого рыхления и щелевания применяют достаточно простые по устройству и надежные в работе орудия, включающие раму на опорных колесах с установленными на ней несколькими рыхлительными или щелерезными рабочими органами. Рабочий орган глубокорыхлителя состоит из прямой или криволинейной стойки, на котором закреплено плоское или фигурное долото. Для увеличения зоны рыхления на стойках дополнительно крепят уширители. При прокладке дренажа (кротовании) сзади стойки устанавливают дренер. Рабочие органы щелевателей аналогичны рабочим органам глубокорыхлителей за исключением того, что на них не устанавливают уширители, а долота более узкие.

Из схемы зон рыхления видно, что после прохода орудия на дне борозды остаются неразрушенные гребни, высота которых зависит от ширины долота и междуследия. В

последние годы ряд зарубежных фирм начали выпускать глубокорыхлители с наклонными или криволинейными в поперечной плоскости стойками вместо прямых. В этом случае высота неразрушенных гребней может быть значительно меньше или вообще отсутствовать.

В зависимости от расстановки рабочих органов можно производить сплошное или полосное рыхление, а также щелевание. При полосном рыхлении оставшиеся не разрыхленными участки служат опорой движителям тракторов при последующих проходах, что способствует повышению срока службы разрыхленных полос.

Исследованиями ученых Почвенного института им. В. В. Докучаева, Агрофизического института, МСХА им. К.А. Тимирязева, НАТИ, ВИМа, САИМЭ, МИМСХа, ЦелинНИИМЭСХа и др. установлено, что благодаря разуплотнению почвы глубокорыхлителями - щелевателями сокращаются эрозионные процессы (особенно водная эрозия на склонах) и повышаются плодородие полей и урожайность сельскохозяйственных культур. Обоснован ряд технологических приемов и процессов глубокого рыхления и щелевания для разных почвенно-климатических зон под различные культуры.

Глубокое сплошное рыхление склоновых и равнинных земель рекомендуется [1] осенью по стерневым фонам зерновых и пропашных культур вместо зяблевой вспашки. В тех случаях, когда отсутствует осушительная сеть и есть опасность переувлажнения почвы, все глубокое рыхление под картофель, корнеплоды, кукурузу и другие культуры проводят весной. Щелевание целесообразно проводить осенью на сенокосах и пастбищах, склоновых и переувлажненных равнинных землях перед посевом озимых культур, а также по отвальной и безотвальной зяби.

Полосное глубокое рыхление с одновременным дренированием применяется на участках с большим количеством "блюдец". Расстояние между полосами принимают равным 2-2,5 м для глинистых и 3-4 м для суглинистых почв. Долговечность глубокого рыхления зависит от влажности почвы во время его проведения. Оно наиболее эффективно при влажности почвы в зоне рыхления 60-80 % предельной полевой влагоемкости. При влажности подпахотного горизонта выше предела пластичности глубокое рыхление предпочтительно после дренирования на глубину 0,4-0,5 м, что позволяет подсушить почву до оптимальной влажности.

Щелевание слабоводопроницаемых склоновых земель на глубину 0,4-0,5 м позволяет значительно улучшить водопроницаемость и влажность пахотного и подпахотного горизонтов, более равномерно распределить влагу [1,3].

В результате опытов, проведенных учеными НИИСХ Центральных районов Нечерноземной зоны, установлено, что под движителями тракторов и тяжелых мобильных машин агрофизические и водно-физические свойства суглинистых и глинистых почв ухудшаются. Подпахотные горизонты таких почв снижают инфильтрационные способности, имеют повышенные плотность и твердость. Все это приводит к эрозии, застаиванию воды на поверхности поля в низинах, а также к слабому использованию растениями запасов влаги и питательных веществ из нижних слоев. Глубокое рыхление на 0,6-0,7 м с расстоянием между стойками глубокорыхлителя не менее 0,9 м обеспечило улучшение физико-механических свойств почвы, повышение содержания органического вещества в подпахотном горизонте и увеличение коэффициентов инфильтрации в 2-3 раза.

Внедрение интенсивных технологий возделывания сельскохозяйственных культур с использованием энергонасыщенных и тяжелых МТА увеличило уплотнение почвы и ускорило образование подпочвенной подошвы. Этот процесс усугубляется стремлением как можно раньше при повышенной влажности почвы вывести в поле сельскохозяйственные агрегаты. Рыхление на глубину 0,5 м обеспечивало разуплотнение подпочвенного слоя, способствовало регулированию поверхностного стока, приводило к увеличению запасов продуктивной влаги и увеличивало урожайность сельскохозяйственных культур на 15-25% [1].

Специалисты УНИИМЭСХа для разуплотнения и уничтожения "плужной подошвы" рекомендуют проводить сплошное рыхление на глубину 0,4 - 0,6 м с расстановкой стоек на 0,7 м, а полосное рыхление и щелевание узкими стойками на глубину 0,2-0,4 м с расстановкой стоек на 1,4 м.

Эффективность глубокого рыхления временно переувлажненных почв изучалась при различных вариантах обработки почвы [1]. Застой воды на поверхности наблюдался весной и осенью после обильных дождей, что связано с наличием водонепроницаемой оглеенной прослойки на глубине 0,4-0,6 м. В работах [3] указывается на эффективный прием сокращения вреда от водной эрозии - щелевание поперек склонов на глубину 0,3-0,6 м с расстоянием между

щелями 1-1,5 м. При нарезании щелей шириной 2,5-4 см отводятся стоковые воды в нижние слои и уменьшается смыв почвы. Щелевание особенно эффективно на зяби, посевах многолетних трав и озимых культур. Для увеличения долговечности щелей их заполняют органическими остатками урожая (измельченной соломой) или плотными почвенными комками с дерниной или стерней. Для щелевания сенокосов и выпасов, а также стерни зерновых серийно выпускался навесной щелерез-кротователь РЩН-2-140, который одновременно с нарезкой щелей выполняет кротование круглым дренером и образует над щелью валики из почвенных комков с помощью косопоставленных игольчатых дисков, установленных по сторонам щели. Валики из мульчи и почвенных комков задерживают сток воды у щели и способствует более полному ее впитыванию и удалению в нижние слои.

Установлено [1], что любые агротехнические приемы по защите почвы от водной эрозии должны полностью предотвращать или резко сокращать сток временных водных потоков и смыв почвы. Это достигается путем увеличения водовпитывающей способности подпахотного слоя и изменения поверхностного слоя поля так, чтобы уменьшить скорость движения воды. На простых склонах крутизной до 2° достаточна глубокая вспашка поперек склона отвальным плугом, на склонах крутизной 3-4° глубокую вспашку следует сочетать со шелеванием, кротованием и почвоуглублением, а на склонах крутизной более 3-4° (особенно сложных) рекомендуется глубокое сплошное или полосное рыхление.

В рекомендациях ЦНИИМЭСХа и БелНИИПА отмечается, что многолетняя проверку глубокого рыхления и щелевания во многих хозяйствах Белоруссии показала, что эффективность этих приемов достигается благодаря снижению плотности, повышению аккумуляционной способности и лучшим перераспределению влаги в почвенном профиле и отдаче от внесенных удобрений. Все это обеспечивало 15-25 % прибавку урожая. Так, глубокое рыхление обеспечило прибавку урожая картофеля 20-55 ц/га, кормовой свеклы 34-123 ц/га, кукурузы (зеленой массы) 50-65 ц/га, овсяно-гороховой смеси (зеленой массы) 105 ц/га. Щелевание на лугах способствовало повышению их продуктивности на 30 %. Максимальный экономический эффект дало щелевание осенью зяби под картофель. Установлено, что срок последействия глубокого рыхления и щелевания достигает 2-3 года.

Применение глубокорыхлителей на суглинистой почве Нечерноземной зоны позволило увеличить коэффициент фильтрации до 1-1,5 м/сут., повысить запасы продуктивной влаги до 4-11 мм, уменьшить плотность почвы до 1,2-1,3 т/м и твердость до 2—3 МПа. Изучение эффективности глубокого рыхления в Московской, Владимирской и Смоленской обл. на фоне осушаемых минеральных почв Нечерноземной зоны показало, что при рыхлении плотность почвы в слое 0,2-0,6 м снижается на 13-15 %, порозность увеличивается на 10-11 % и значительно повышается инфильтрация пахотного горизонта. Прибавка урожая составила 17-18%.

Особое значение ликвидации переуплотнения подпахотных горизонтов придается в зонах орошаемого земледелия, так как многолетняя обработка почвы на постоянную глубину, применение тяжелой мобильной техники, естественная усадка почвы при многократных поливах создают уплотненную "плужную подошву", которая препятствует проникновению в глубокие горизонты поливной воды и корней растений. В результате снижение урожая достигает 40 % при значительном увеличении материальных и водных ресурсов. При плотности подпочвы 1,5-1.6 г/см до 80 % корневой системы хлопчатника в орошаемой зоне находится в верхних слоях, что отрицательно влияет на рост и развития растений.

Глубокое рыхление и щелевание переуплотненной почвы широко распространены в ряде стран Западной Европы, США и Канаде. Многочисленными исследованиями установлено, что последствия этого приема зависят от физико-механических и агрохимических свойств пахотного и подпахотного горизонтов, биологических и погодных условий, видов и количества вносимых в щель мульчирующих материалов. Период положительного действия глубокого рыхления колеблется от 2 до 5 лет, а щелевания от 1 до 3 лет. Полосное рыхление и щелевание склонов - эффективный агротехнический прием предотвращения водной эрозии на склоновых землях.

Таким образом, для разуплотнения переуплотненных пахотных и подпахотных слоев почвы, а также для борьбы с водной эрозией на склоновых землях эффективно глубокое (до 0,7 м) рыхление и щелевание с помощью глубокорыхлителей - щелевателсй. Для широкого применения этого агротехнического приема необходимо начать выпуск таких орудий.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Глубокое рыхление и щелевание эродируемых, уплотненных и временно переувлажненных почв. Рекомендации (сост. Р. Л. Турецкий , Ф. П. Цыганов и др.) - Минск: ЦНИИМЭСХ, 1988.
2. Извеков В.П. Предотвратить экологическую катастрофу// Земледелие.-1991, №4.
3. Казаков В. П. Глубокое рыхление тяжелых почв/ В кн.: Осушение тяжелых почв. — М.: Колос. 1981.
4. Ходовая система – почва – урожай / И.П. Ксеневич и др. - М.: Агропромиздат, 1985.

ӘОЖ. 633.854.78

КҮНБАҒЫСТЫҢ МАЙЛЫ ДАҚЫЛ РЕТІНДЕГІ МАҢЫЗЫ

Р. Р. Нуфтуллина, магистрант, М. Ә. Ғабдолов, а.-ш. ғ. канд., доцент

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық техникалық университеті, Орал қаласы

Мақалада негізгі майлы дақыл-күнбағыстың морфо-биологиялық және экономикалық тұрғыдан маңыздылығын талдай отырып, нақты өңірдің табиғи-климаттық жағдайларына бейімделген агротехникалық шараларын жасақтау қарастырылған. Сонымен қатар күнбағыс өнімін арттыруда гетерозистік будандарын пайдалану қажеттілігі сипатталған.

Morphological particularity of sunflower for the reason of development of agrotechnical sunflower cultivation acceptances with provision for natural-climatic peculiarities of concrete region is analyzed in the article. Also, role of heterosis sunflower hybrids in the getting of stable and high yields of sunflower is considered.

Күнбағыс өсімдіктер әлеміндегі әмбебап дақыл десе болады. Ықылым заманнан бері күнбағыс адамзат өркениетінде қоректі дақыл ретінде қолданысқа ие. Дәрумен ретінде де, дәрілік қасиетіне қарай да халық медицинасында кеңінен қолданылады.

Майлы күнбағыс өсімдігінің негізі қолданылуы – тағам өнімдерін дайындауда және техникалық қажеттіліктерге қарай пайдаланылатын күнбағыс майын алу үшін өндірілуі. Күнбағыс майының гидрогенизациясы нәтижесінде маргарин алынады. Сондай-ақ, май лактеу, сырлауда, сабын қайнату өндірісінде кеңінен қолданылады. Кейбір елдерде өңделген асхана майы мотор жанармайына қосымша ретінде іске асырылады

Күнбағыс майы өндірісінің қалдықтары (күнжара, шрот) мал үшін ақуызға байытылған азық ретінде қолданылады. Ресейде күнбағыс майы өндірісіне дейін-ақ қуырылған күнбағыс дәндері (шемекі) халықтық дәмді тағам ретінде қолданылады. Дәндері ірі күнбағыстың шекілдеуік түрі осы мақсатта өсіріледі.

Күнбағыс дәндерінде РР және Е дәрумендері мол, бұдан басқа құрамында фосфолипидтер, лецитин, өсімдік балауызы бар, сондай-ақ, май қышқылымен байытылған. Күнбағыс сәндік өсімдік ретінде де қолданылады. Күнбағыс өз құрамында каучуктің барлығымен де белгілі. Соңғы кезде сабағынан көп мөлшерде латекс өндіретін селекциялық сортын өсіру қолға алынған. Осы латекс негізінде жасалатын резеңке табиғи және синтетикалық каучукке қарағанда гипоаллергендігімен ерекшеленеді. Күнбағыстың қауызы биожанармай өндірісінде жанармай брикеті ретінде қолданылады. Күнбағыстың дәнінде фосфолипидтермен бірге адамның қартаю процесін болдырмайтын стирол май еріткіш дәрумендер, теріні нығайтатын, қышқыл сілті балансын реттейтін дәрумендер бар. Сонымен бірге күнбағыс медицинада кеңінен қолданылады. Атеросклероз, миокард инфаркті, жүрек тамыр аурулары, бауыр және өт жолдарының ауруларына бірден-бір ем. Бір дәннің өзінде 20 пайыз ақуыз, көп мөлшерде амин қышқылы, кальций, 850 Ккалл бар. Күнбағыстың қоректік қасиетін зерттеген Фиок Тист 35 жыл бойы тек күнбағыспен қоректенген [3].

Күнбағыс (_la. Helianthus) – күрделі гүлді өсімдіктер тұқымдасына жатады. Осы тұқымның неғұрлым танымал түрі – бір жылдық күнбағыс (″тұқымына Helianthus annuus). Бұл түр әлемнің түкпір-түкпірінде күнбағыс майын алу мақсатында өсіріледі. Тамырсабағы азық ретінде қолданылатын топинамбур немесе жер алмұрты деп аталатын (″Helianthus tuberosus) көпжылдық өсімдігі де нақ осы түрге жатады. Күнбағыстың бұл түріне жататын түр тармағының ішінде тек қана сәндік мақсатта қолданылатындары да бар. Мысалы, үшкіржапырақты күнбағыс (″Helianthus argophyllus) тек қана сәндік мақсатта қолданылады.

Майлы күнбағыс – жуан сабақты, биіктігі 4-5 м-ге дейін баратын, қарапайым немесе бұталы болатын, кейде бір басты, кейде бірнеше басты болатын біржылдық өсімдік. Бір бастысының ені әдетте 15-20 см-дей болады. Шеткі гүлдері сары түсті, ортаңғы бөліктегі гүлдері қызғылт сары түсті болады.

Күнбағыс тұқымы – төртқырлы, сопақша немесе бір жаны қысылыңқы келген, жеміс серіктен (қабық немесе қауыздан) құралатын, ақ түсті тұқым (ядро). Қазіргі күнбағыс түрлерінің жеміс серігінде «склеренхима» мен «сынама ұлпа» аралығында тұқымды қызудан сақтайтын сауыт қабаты бар [1].

Күнбағыс қуаңшылыққа төзімді. Өзекті, мықты тамырларының арқасында топырақтың терең қабаттарындағы ылғалымен өз қажеттілігін қамтамасыз ете алады. Күнбағыс топырақтан басқа дақылдарға қарағанда қоректік заттар: азот пен фосфорды 2-33 есе, калийді 6-10 есе артықала алады. Азот пен калийді күнбағыс дақылы топырақтың терең қабаттағы құнар қорынан алады. Бұл басқа дақылдар үшін мүмкін емес. Күнбағыс биологиясының тағы бір ерекшелігі - топырақтың санитарлық жағдайы мен арамшөптерге аса сезімталдығы. Арамшөптердің аз ғана мөлшерінің өзі күнбағыс шығымдылығын 30 %-ға дейін кемітіп жібереді. Сондықтан да күнбағыс егістігіне арналған жерді пармен өңделгені, сүрдігерленгені дұрыс. Жерді жырту немесе топырақты чизельмен қопсыту 25-28 см тереңдікке дейін жүргізілуі керек. Күнбағыс агротехниканың қатаң сақталуына аса сезімтал болғандықтан, агротехникалық жүзеге асыру шараларының дұрыс сақталмауы егістік шығымдылығын айтарлықтай кемітеді. Сондықтан да ережелердің сақталуына назар аудармай, кең егістікке еккеннен гөрі күнбағысты агротехикалық қағидалар қатаң сақтап, азын-аулақ аумаққа еккен үлкен нәтиже береді. Сондай-ақ күнбағысқа өсімдіктің тығыздығы да аса қатты әсер етеді. Орташа есеппен алғанда 1 га егістікке 35-40 мың данадан келуі керек [4].

Егістіктің қалыпты нормасына қол жеткізу үшін жер өңдеу жұмыстарын ерте көктемде бастау керек. Осы қағида сақталған жағдайда топырақ ылғалдығы қажетті мөлшерде болады. Өнімділік ылғалының қоры аз болған жағдайда (80-100 мм) және сулану тереңдігі 70-90 см болғанда, 1 га-дағы өсімдік 30 мыңнан артық болмауы керек. Ал сулану тереңдігі 1 м, ылғал қоры 120-150 мм болғанда 35-40 данадан, ылғал қоры мол болған жағдайда (170-180 мм), сулану тереңдігі 2 метр болғанда 45-50 мың дана болуы керек. Өсімдік саны жоғарыда көрсетілген мөлшерде артық болған жағдайда қоректік элементтер мен ылғалмен қоректенудің оңтайлы жүйесіне нұқсан келеді, сондай-ақ, саңырауқұлақ ауруының дамуына мүмкіндік беретін микроклиматтың қалыптасуына жол береді. Бұл егістік шығымдылығын 3,0-4,0 ц/га дейін кемітеді. Өсімдіктің тығыздығын ескеруде сорт пен гибридтің вегетациялық кезеңінің ұзақтығына назар аудару керек. Вегетациялық кезеңнің ұзақтығы үлкен қоректік аумақты талап етеді, мұндай гибридтің әлеуеттік шығымдылығы жоғары болады.

Егістіктегі көңнің жоқтығынан күнбағысты негізінен минералды азот-фосформен тыңайту қажет. Егістік алды жер өңдеуде тыңайтқышпен байыту екі есе аз нәтиже береді, ал қуаңшылықты көктем кезінде күнбағысты тыңайтқышпен байыту ешқандай нәтиже бермейді. Егер күнбағыс негізінен минералды тыңайтқыштармен байытылмаған кезде негізгі өңдеу жұмыстарын егу жұмысымен бірге 10-12 см тереңдікте, күнбағыс қатарларының аралығы 6-10 см тереңдікте жүзеге асыру керек. Мұндай жағдайда $N_{30}P_{30}K_{30}$ немесе фосфорлық P_{30-40} минералды тыңайтқыштарын пайдаланған дұрыс. Тиімділік жағынан негізгі өңдеу кезінде пайдаланылатын тыңайтқыштардан еш кем емес. Күнбағыс негізінен $N_{60}P_{60}K_{60}$ артық тыңайтқышқа шыдас бере алмайды. Өйткені, күнбағысқа бұл мөлшерден артық тыңайтқыш дозасы әсер етпейді [5].

Ауыспалы егістікті тағайындау барысында ескерілетін күнбағыс ерекшеліктеріне топырақтың шамадан тыс құрғауы, қоректік заттардың шамадан артық болуы, жапырақ, дәндерінің жерге түсуі, жинау науқанының жайырақ болуы жатады. Бұдан басқа күнбағыс топырақта жинақталатын ақ және сұр түсті шіріктер, ұн түсті шық тәрізді патогендерге аса сезімтал. Сондықтан да күнбағыс ауыспалы егістікте 7-8 жылдан кейін ғана қайта егіледі.

Күнбағыс үшін топырақтың 150-250 см терең қабатындағы ылғал қоры аса маңызды. Сондықтан да күнбағысты қант қызылшасынан, жоңышқа мен судан шөбінен кейін егуге болмайды. Күнбағыс үшін егістікте өзінен бұрын егілген дақыл ғана маңызды емес, ылғал қорын қамтамасыз ететін ауыспалы егістік ретіде маңызды. Күнбағыстың алдынан күздік бидай, мал азығына арналған жүгері егілгені дұрыс. Ал күнбағыстан кейін ауру симптомдары бірдей соя, рапса, бұршақ егуге болмайды. Ауыспалы егістік аумағында қант қызылшасымен кезектестіріліп егілген жағдайда кезектесу аралығы екі жылдан кем болмауы керек. Екіжылдық аралық терең қабаттағы ылғал қорын толықтыруға мүмкіндік береді. Дәнді жүгері-күнбағыс реті аса қолайлы емес, жүгерінің қалдықтары толыққанды тырмалау жұмыстарына кедергі келтіреді. Ауыспалы егістіктегі өзінен бұрын егілетін дақылдарға күнбағыс қаншалықты талғампаз болса, өзінен кейінгі дақылдар үшін де оңайға соқпайды [6].

Елімізде күнбағыс селекциясы бойынша ауқымды жұмыстар қолға алынды. Шалғай шетелдерден, атап айтқанда Венгрия, АҚШ, Франциядан әкелінген 26 гибрид отандық селекцияда мүмкіндігі мол гибридтер қатарынан орын алды. Осындай селекциялық жұмыстар нәтижесінде аурулар мен зиянкестерге төзімді, салыстырмалы алғанда май құрамы артық, вегетациялық кезеңі айтарлықтай қысқа гибридтер өсіру қолға алынды.

Күнбағыстың түрішілік өзгерістер әлеуеті зор. Осы дақыл селекциясындағы негізгі проблемалардың бірі – өзгертулердің қосымша жолдарын іздестіруде емес, генетикалық алуан түрлілікті басқарудың, меңгерудің әдістерін жетілдіре алмауда.

Майлы тұқымның жоғары шығымдылығына қол жеткізу, көп мөлшерде май өндіру генетикалық алуан түрлі аталық компоненттерді дөп таңдауда ғана мүмкін болады. «ҚР АШ Солтүстік-Батыс ҒПО» РМК соңғы 14 жылда майлы күнбағыс селекциясы үшін бастапқы материал ретінде Краснодар қаласындағы ғылыми селекция орталығы мен оның құрылымдық ғылыми-зерттеу бөлімшелерінің сорттары, сондай-ақ, Санкт-Петербург, Саратов қалаларындағы ғылыми орталықтарынан әкелінген сорттар коллекциясы қолданылды.

Алынған селекциялық материал бастапқы материалда жоқ оң қасиеттерге ие. $К_{103}$, $К_{203}$, $К_{603}$, $К_{803}$ биотиптері алдағы уақыттағы селекция жұмыстарында үлкен қызығушылыққа ие.

Жоғары нәтижелі селекция жұмысының негізгі шарттарының бірі – бастапқы материалдың қажетті көлемінің болуы. Краснодардағы селекция орталығында 1987-2004 жылдар аралығында бастапқы материал ретінде 74568 элиталық өсімдіктен 13 жаңа сорт алынған, белгілер кешені 27 мың биотип бойынша бағаланған. Соңғы екіжылдық бағалау жұмыстарының нәтижесінде осы биотиптердің 847 үлгісі немесе 3%-ы, кейін олардың 617-сі (2%) 74 селекциялық сорт жасауға қатысты.

Пісіп-жетілуі орташа, жоғары өнімді, майлылығы жоғары Передовик, Смена, ВНИИМК сияқты 8931 сорт майлылығы жоғары, инфекциялық патогендерге төзімді донор ретінде қолданылды.

Армавирец, Енисей, Чернянка сорттарынан алған жаңа үлгілер бойының кішілігімен, майлылығының жоғарылығымен, комбинациялық қабілетінің жоғарылығымен ерекшеленеді. Армавирец, Енисей сорттары ерте пісетін бастапқы материал ретінде қолданылып жүр.

2004 жылы Өскемен селекция орталығының 6 гибридіне сынақ жүргізілді. Шығыс гибриді, Қазақстандық-1, Қазақстандық-5, Қазақстандық-341, Қазақстандық-465, Сұңқар сорттары Солтүстік Қазақстанның климаттық жағдайында жоғары өнімділікке ие болды: 13,2-25,5 ц/га. Сұңқар сорты майтұқым гибридінің шығымдылығы – 25,5 ц/га, Заречный сорты - 25,9 ц/га.

Өскемен селекциялық орталығында алынған гибрид таттану, басқа ауруларға төзімділігімен ерекшеленеді [7].

Гибридтік күнбағыс – ғылыми-техникалық прогресс пен нарықтық экономиканың өнімі. Оны ендірудің тиімділігі ауыл шаруашылығының өркениет деңгейін арттырады.

Дегенмен, біздің елімізде гибридтік күнбағысты өсіру ісі әлі күнге баяу қарқын алып отыр. Күнбағыстың сорттық егістіктеріндегі гибридтік күнбағыстың ара салмағы соңғы 10-15 жылда 25%-дан асып көрген емес. Қайта кей жылдары 10%-ға дейін кеміп те кеткен кездері болды.Мұндай келеңсіздіктің бір себебі – егу, өңдеу агротехникасының төмен деңгейі. Мұндай жағдайда гибридтер толыққанды өсіп-өне алмайды. Топырақ-климаттық жағдайы жақсы аудандардың өзінде күнбағыс өсірудің ғылыми негізделген технологиясын қатаң сақтап отырған шаруа қожалықтарын кездестіру қиынға соғады [2].

Гибридтердің ерекшелігі мынада: егістік үшін тек бірінші буынның тұқымы ғана қолданылады, нақ осылар егін шығымдылығына бірден-бір кепіл бола алады. Гибрид өсіруге

ден қойған фермерлер басқа гибридтер өсіру мүмкіндігінен айырылады. Олар жыл сайын барлық аумаққа тек сол гибридті ғана егуге мүдделі. Гибридті қолданысқа енгізуде тұқым шаруашылығын мамандандыруға, бір мақсатқа шоғырландыруға, тұқым нарығын айтарлықтай кеңейте түсуге тиісті.

Қорыта келгенде, күнбағыстың жоғары деңгейде өнімін тұрақтандыруға қол жеткізудің негізгі жолдары:

- нақты өңірдің топырақ-климат жағдайларына сәйкестендірілген агротехникасын қалыптастыру және сақтау.
- нақты өңірдің топырақ-климат жағдайына бейімделген дақыл сорттарын және будандарын өсіру.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Әрінов, Қ. Өсімдік шаруашылығы / Қ.Мұсынов, А.Апушев, Н.Серекпаев, Н.Шестакова, С. Арыстанғұлов //Алматы.-2011.- С.475- 477.
2. Ғабдулов,М.Ә. Батыс Қазақстан облысында күнбағыс будандарын өсіру / М.Ә.Ғабдулов, А.А.Абдулова //Ғылым және білім.-2011.-№1.-С.34-39.
3. Ғабдулов, М.Ә. Батыс Қазақстан өңірінде күнбағыс өсіру тәжірбиесі/ М.Ә.Ғабдулов, И.К.Жұмагалиев //Ғылым және білім.-2010.-№1(18).-С.24-29.
4. Бушнев, А.С. Особенности обработки почвы под подсолнечник/ А.С.Бушнев //Земледелие.-2009.-№8.-С.13-15.
5. Гордеева, З.В. Высокая агротехника основа успеха/ З.В.Гордеева, И.И. Мустафин, З.И.Мазурина //Земледелие.-2008.- №8.-С. 30-31.
6. Картамышев, Н.Н. Приемы биологизации при возделывании подсолнечника/ Н.И.Картамышев, В.Ю. Тимонов, А.В.Зеленин //Земледелие.-2008.-№8.-С.39.
7. Мельников, В. Исходный материал для селекции сортов подсолнечника/ Вестник сельскохозяйственной науки Казахстана.-2005.-№10.-С.11.

ӘОЖ 631.86 (574.11)

ДӘНДІ ДАҚЫЛДАРДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ СОРТСЫНАҒЫ

Г. С. Ожанов, доцент, а.-ш. г. канд., Г. Х. Шектібаева, а.-ш. г. канд., Д. А. Кдиршаева, магистрант

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қаласы

Бұл мақалада Батыс Қазақстан облысының орташа саздақты қою қара топырағында, дәнді дақылдар егістігінде сапалы өнім алу үшін климаттық факторлардың, оның ішінде ылғалдың, температураның әсерлері қарастырылған. Тәжірибе нәтижесінде сыналған арпа және бидай сорттарының өнімділігі мен дән сапасына тигізетін үлес салмағы анықталды, берілген аймақ үшін дәнді дақылдар егістігіне экологиялық сортсынағының бағасы берілді.

In given article are considered questions of the influence climatic factor, including moisture, warm-up mode on reception of the high-quality harvest in sowing of the corn cultures on dark-chestnut ground in condition West Kazakhstan. As a result study is installed market share under study sort corn cultures and on productivity and quality grain, is given estimation ecological сортоиспытания sowing of the corn cultures in given to zone.

Еліміздің әлеуметтік және экономикалық дамуының негізгі бағыттарында көрсетілгендей, егіс өнімін арттыру, сапалы жаңа сорттар шығару, егін шаруашылығына озық технологияны кеңінен қолдану, ауыл шаруашылығына ғылыми негізделген жүйені енгізу – сапалы астық өндірісін ұлғайтудың өзекті бағыты болып табылады.

Жоғары индустриальды қоғамның пайда болуымен, адамның табиғатқа кедергісі ұлғайып, адамзат үшін басты масштабта қауіптілік төндіріп, жаңармайтын шикі зат түрінің шығыны көбейіп, көптеген жыртылмалы жерлер экономикадан шығып қалуда. Егіс құрылымындағы дақылдардың үлес салмағы мен ауыспалы егістердің бұзылуына, егіс көлемінің азаюына, сонымен қатар өнім сапасының төмендеуіне әкеліп соқтырды. Адам тікелей және жанама әсерлерімен барлық биосфераның тұрақтылығын бұзып, табиғи биогеоценоздарды ығыстыра отырып, агробиогеоценоздарды құрды. Егіс алқаптарынан жоғары және сапалы өнім алудың тиімді жолдарын қарастыра отырып, агротехникалық шаралардың қолданумен қатар химияландыру, механикаландыру, мелиорациялау және сұрыптау жолымен дәнді дақылдардың сортсынағының нәтижесінде, экожүйенің барлық компоненттерін сақтай отырып қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Климаттық факторлардың өзгеруі дәнді дақылдардың өнімділігін төмендетіп қана қоймай, оның сапалық құрамына да әсерін тигізеді. Қуаңшылық аймақтардағы басты мәселелердің бірі – ылғалдың жеткіліксіздігі және жыртылмалы алқаптардағы топырақ құнарлылығының төмендігі. Аймақтық және экономикалық жағдайларға, қоршаған ортаның өзгерістеріне байланысты топырақ құрамынан да, өсімдіктерден де экологиялық ауытқулар қалыптасты.

Зерттеудің мақсаты Батыс Қазақстан облысының құрғақ далалы, ылғалы жеткіліксіз аймағындағы егістік алқаптарда дәнді дақылдардың, яғни жаздық бидай және арпа сорттарын өсірудің ғылыми негізін жасап, жоғары және сапалы өнім алу үшін климаттық жағдайлардың әсерін тәжірибе арқылы зерттеп, климаттық факторлардың өсімдікке, өнімділікке, сапасына әсерін зерттеу арқылы экологиялық тұрғыдан баға беру.

Тәжірибе жүргізу үшін жаздық бидайдың Саратовская 42, Лютесценс 485 және арпаның Донецкий 8 және Қарабалық 150 сорттары алынып, дәнді дақылдардың өнімділігі мен дән сапасына климаттық факторлардың әсері зерттелді. Нұсқалардың орналасуы жүйелі әдіспен. Мөлдектердің жалпы көлемі 126 м^2, есепке алынғаны 100 м^2. Тәжірибенің қайталануы үш ретті.

Тәжірибе танабы облыстың бірінші аймағында орналасқан, онда қара-қоңыр топырақтар көптеп кездеседі. Көпшілігі сортаң және әр түрлі дәрежеде шайылған, механикалық құрамы орташа-ауыр саздақты қара-қоңыр топырақтар болып табылады. Әрі шаруашылықтардағы ең құнарлы топырақтар және жоғары бағаланатын топқа жатады, кәдімгі аймақтық агротехникаларды талап етеді. Дәнді себу жұмысы 12-15 мамыр аралығында СЗТС-2,1 және СКС-2,1 сепкіштерімен жүргізілді және бәрі тегіс бір уақытта көктеу үшін ЗККШ-6 катоктарымен тапталды. Егістікті күтіп баптау үшін қатар аралықтары мен мөлдектер қолмен тазаланды. Өнімді жинау шағын көлемді «Сампо» және СК-5 Нива комбайндарымен тікелей жинап алынды.

Тәжірибе танабының аумағы Орал селекциялық тәжірибе бекетінің жерінде орналасқан, ол қуаң далалы аймаққа және бірінші дәнді-мал шаруашылық аймаққа жатады. Тәжірибе алқабының топырағы қара-қоңыр. Механикалық құрамы жағынан орташа саздақты. Жыртылмалы қабаттағы қара шіріктің мөлшері 3,0-3,1 %; 100 г топырақта азот 2,9-3,0 мг, жылжымалы фосфор 1,7-1,9 және ауыспалы калий 34-37 мг. Генетикалық қабаттағы топырақ кескіні бойынша алынған топырақтың көлемдік массасы 1,10-1,22 г/см^3, ерітіндісінің реакциясы орташаға жақын, pH 7,1-ге тең.

Батыс Қазақстанда және шектес Ресей аймақтарында қуаңшылық пен ыстыққа төзімділік анықтаушы фактор болып саналады. Қолайлы жылдары алынған өнімділік қуаңшылық жылдарында тез түсіп кетпеуі тиіс. Батыс Қазақстан үшін топырақ және атмосфералық құрғақшылықтары тән. Топырақ құрғақшылығы топырақтағы ылғал қоры тұрақты солу ылғалдылығына дейін төмендегенде дамыйды. Атмосфераның құрғақшылығы кезінде топырақтағы су қоры шекті деңгейіне дейін жетуі мүмкін, бірақ атмосфераның салыстырмалы ылғалдылығы 30 пайызға дейін төмендейді де, қарқынды транспирацияның болуына әкеліп соғады. Атмосфера және топырақ құрғақшылығының ұқсастығы өсімдіктің дамуы мен өсуі үшін кері әсерін тигізуі мүмкін [1].

Батыс Қазақстан облысының құрғақ далалы аймағында ауыл шаруашылық дақылдарынан тұрақты және мол өнім алу үшін ылғалдың маңызы өте зор. Жауын-шашынның мөлшері және ауаның температура режимі бойынша тәжірибе жүргізген жылдың өзара айырмашылықтары болды.

1 – кесте. Өсіп-өнуі кезеңіндегі климаттық факторлардың жағдайы мен әсері

Даму фазалары	Жауын-шашын мөлшері, мм	Ауаның орташа тәуліктік температурасы, ^{0}С		Ауа температурасының жиынтығы, ^{0}С	
Арпа сорттары бойынша					
		Донецкий 8	Қарабалық 150	Донецкий 8	Қарабалық 150
Себу –көктеу	20,3	17,4/8	17,7/9	139,1	159,2
Көктеу – түптену	1,6	18,4/10	20,2	183,9	202,5
Түптену – масақтану	61,4	18,0	16,8	449,8	470,3
Масақтану – толық пісу	12,7	23,3	23,4	911,3	890,8
Себуден – толық пісу	96	21,2	21,4	1568,9	1627,9
Жаздық бидай сорттары бойынша					
		Саратовская 42	Лютесценс 485	Саратовская 42	Лютесценс 485
Себу –көктеу	20,3	17,6	17,7	159,2	177,3
Көктеу – түптену	1,6	19,3	20,2	193,5	202,4
Түптену – масақтану	61,4	20,6	21,2	535,9	635,6
Масақтану – толық пісу	12,7	22,8	23,7	890,8	950,7
Себуден – толық пісу	96	21,5	21,6	1684,1	1815,2

Толығырақ таныстыру мақсатында өсіп-өну кезеңіндегі ауаның температурасы мен түскен атмосфералық жауын-шашынның мөлшері, көп жылдық орта есеп мәліметтерімен салыстырылған. 2011-ші ауыл шаруашылық жыл ішінде көкектен тамыз айына дейін 208,1 мм жауын-шашын түсті, орташа көпжылдық мөлшері – 148 мм, яғни көп жылдық мөлшерден 60,1 мм артық, ал ауаның температурасы 26,5 ^{0}С дейін көтерілді. Талданған жылдың жағдайында дәнді дақылдардан қанағаттанарлық өнім алу үшін өсіп-өну кезеңіндегі жауын-шашынның ықпалы зор. Тәжірибе жүргізген жылдағы агроклиматтық жағдайлардың нәтижесі бойынша дәнді дақылдар үшін қанағаттанарлық болып саналады, оның ішінде арпа дақылы ерте пісетін биологиялық ерекшелігімен сипатталады.

Егістегі дәннің қалыптасуы – сыртқы ортаның көптеген факторларының жыйынтығынан қалыптасатын өте күрделі биохимиялық құбылыс. Өйткені дәннің сапасына аймақтың топырақ-климат жағдайлары, сорттың ерекшеліктеріне қолданылатын агротехникалық шаралар мен дәннің өсіп-өну кезеңіндегі ауа-райы да едәуір ықпал етеді [2].

Зерттеу жүргізілген уақытта дәнді дақылдардың себілгеннен – көктегенге дейінгі температуралар жиынтығы жылдың ауа-райы, климаттық жағдайына байланысты 139,1-177,3 ^{0}С құрады (1-кесте).

Өсіп-өнудің келесі кезеңдерінде температураның жиынтығы: көктеуден – түптенгенге дейін 183,9-202,5 ^{0}С, түптену – масақтану кезеңінде 449,8-635,6 ^{0}С, масақтану – дән толық піскенде 890,8-950,7 ^{0}С болды.

Жалпы өсіп-өну кезеңінде дәнді дақылдар үшін сорттар арасындағы температуралар жиынтығы 1568,9-1815,2 ^{0}С, ал ауаның орташа тәуліктік температурасы 21,2 – 21,6 ^{0}С құрады. Жаздық бидай сорттарының пісіп жетілу мерзімдерінің ұзақтығына байланысты көрсеткіштері жоғары болды.

Егістікте тұқымның өсіп жетілуі температураға, ылғалдылыққа және басқа да факторларға байланысты. Климаттық жағдайлар дәнді дақылдардың бастапқы өсу фазаларында сыналған сорттар бойынша егістің өнгіштігін 76-89 %-ке қамтамасыз етті немесе бір шаршы метрге 205-267 өсімдік өсіп шықты, яғни арпа сорттарында 76-81% және бидай сорттарында 80-89 пайызды құрады (2-кесте).

Өсімдіктердің жинарға сақталуы орташа есеппен 78-86 %-ті құрады, тиісінше арпа дақылдарында 78-79 %, жаздық бидайларда 86-88 %. Кестеден бидай сорттарының көрсеткіштерінің жоғары болғандығын байқауға болады.

2-кесте. Өсімдіктердің тығыздығы және егістік өнгіштігі

Дәнді дақылдардың сорттары	Көктеп шыққан өсімдік саны, дана/м^2	Егістік өнгіштігі, %	Жинар алдындағы өсімдік саны, дана/м^2	Жинар алдындағы өсімдіктің сақталуы, %
Донецкий 8	219	81	173	79
Қарабалық 150	205	76	160	78
Саратовская 42	267	89	230	86
Лютесценс 485	240	80	212	88

Дәнді дақылдардың егістігіндегі фенологиялық бақылаулардың нәтижесіне тоқталатын болсақ, барлық сорттар бойынша себілгеннен кейінгі дәннің көктеуі 8-10 күнге, түптенуі - 10 күн, масақтануы 17-24 және масақтанудан толық пісуі 38-40 күнге созылды (3-кесте).

3 - кесте. Фенологиялық бақылаулардың мәліметтері

Сорттар	Себу – көктеу	Көктеу – түптену	Түптену – масақтану	Масақтану – толық пісу	Өсіп-өну кезеңінің ұзақтығы
Донецкий 8	8	10	17	39	74
Қарабалық 150	9	10	19	38	76
Саратовская 42	9	10	20	39	78
Лютесценс 485	10	10	24	40	84

Бұл жылы масақтану фазасының басталуы мамыр айының соңына сәйкес келеді. Өсіп-өну кезеңдерінің ұзақтығы оның биологиялық ерекшелігіне және жылдың ауа-райына байланысты қалыптасқан. Өсіп - өну кезеңінің ұзақтығы бойынша барлық сорттар орташа пісетіндер тобына жатады. Дәнді дақылдар арасындағы өсіп-өну кезеңінің ұзақтығы 74-84 күн аралығында ауытқыды. Сонымен қатар стандарт сорттардың ерте пісіп жетілетіндігі анықталды.

Дәнді дақылдардың ішінде арпа дақылы ең ерте пісетін топқа жатады. Егіншілік саласында бәрінде кеңінен қолданылатын арпа дақылы Қазақстанда негізінен сусыз және тәлімі егіншілік жағдайында өсіріледі. Сыртқы ортаға бейімделгіштігі мен өсу және даму ерекшеліктерінің арқасында арпаның түсімі басқа жаздық дәнді дақылдардан артық болатынын көп жылдық ғылыми зерттеулер мен өндірістік тәжірибе мәліметтері көрсетіп келеді. Осындай артықшылығына байланысты жаздық арпаның егіс құрлымындағы үлес салмағы әрдайым арта түспек. Сорттар бойынша салыстыратын болсақ, Донецкий 8 сорты – 74 күн құрап, ерте пісіп жетілгені байқалды, Қарабалық 150 сортында тиісінше 76 күнге жетті. Жаздық бидай сорттарын өзара салыстыратын болсақ Саратовский 42 – 78 күн, Лютесценс 485 – 84 күн құрады [4].

Биометриялық есептер мен өнімнің құрылымдық талдауларының нәтижесі бойынша толық пісу кезіндегі өсімдіктің биіктігі арпа сорттарында 63-64 см, ал бидай сорттарында 84-85 см-ге тең болды және негізінен орташа бойлы сорттарға жатады (4-кесте). Бұл белгілер өсімдіктің негізгі элементтері болып саналмайды, бірақ айтарлықтай әсері болуы мүмкін. Батыс Қазақстан облысы жағдайында ұзын және қысқа бойлы өсімдіктер де жоғары өнімді сорттардың қатарына жатады. Олар біздің облыстың жағдайында қолайсыз абиотикалық және биотикалық факторлардың әсеріне бейім келеді. Сонымен қатар егістіктің арам шөптермен ластануымен күресіп қана қоймай, жоғары бағалы сабан алуға мүмкіндік береді.

Батыс Қазақстанның қуаңшылық жағдайында көптеген сорттар салыстырмалы түрде төмен өнімді түптілікке ие және 2,0 көрсеткіші бұл аймаққа қолайлы деп есептеледі. Ағымдағы жылда бұл өлшемдер 2,6-3,6 арасында ауытқыды. Бұл белгілер қосымша өркендердің, масақтар мен сабақтардың дамуына және түзілуіне әсерін тигізеді. Өнімді түптілік өімділікке қолайлы әсерін тигізеді, егерде жанама сабақтардәнділігі мен дән массасы бойынша басты масаққа жақындайтын болса және бұл ылғалдылығы бойынша қолайлы жылдары байқалады.

4-кесте. Биометриялық есептер мен өнімнің құрылымдық және дәннің сапалық элементтері

Сорттар	Өсімдік биіктігі, см	Түптілігі		Масақ ұзындығы, см	Масақтағы саны, дана		1000 дәннің салмағы, г	Өнімділігі, ц/га
		жалпы	өнімді		масақтар	дән		
Донецкий 8	**64**	**3,6**	**3,0**	**6,7**	**17,1**	**17,7**	**31,2**	**15,1**
Қарабалық 150	**63**	**3,5**	**3,0**	**6,7**	**17,8**	**16,8**	**30,7**	**15,1**
Саратовская 42	**85**	**2,6**	**2,4**	**6,8**	**12,6**	**21,6**	**27,7**	**10,1**
Лютесценс 485	**84**	**2,6**	**2,4**	**6,9**	**12,3**	**13,0**	**28,4**	**9,5**

Өнім құрылымының ең басты негізгі элементтерінің бірі масақтың өнімділігі мен ұзындығы. Масақ ұзындығына тоқталатын болсақ, ол 6,7 - 6,9 см аралығында ауытқыды. Масақтағы дән саны басқа белгілерімен салыстырғанда аз өзгермелі, оның өлшемі түріне, әртүрлілігіне, өсіру жағдайына, өсіру жылына байланысты, неғұрлым масақ саны көп болса, соғұрлым өнімділік артады. Өнімнің артуы масақтың ұзындығына да байланысты болуы мүмкін. Себебі масақшадағы дән саны өсіп, ол қоршған ортаның температурасына да тәуелді. Жалпы алғанда масақшалардағы дән саны орташа есеппен арпа сорттарында 16,8-17,7-ге, ал бидай сорттарында 13,0-21,6 данаға дейін құрады. Масақтағы дән салмағы тұрақтылығы мен өнімділігі үшін іріктеуде басты белгілерінің бірі. Алынған мәліметтер бойынша негізінен барлық сорттар біртегіс [3].

Сортсынауға алынған сорттардың барлығы табиғи аяда өсімдіктің тозаң қара күйемен зақымдануға тұрақтылығын көрсетеді. Зияндылығы мен жабық сабақты зиянкестермен зақымдануы айтарлықтай емес, яғни сабақ биті және швед шыбынымен зақымдануы 0,4-1,1 % және 0,6-2,2% -ті құрады [5].

Өнім құрылымына әсер ететін негізгі элементтердің бірі 1000 дәннің салмағы. Бұл көрсеткіш сыртқы орта жағдайынмен байланысты және жылдар бойынша айтарлықтай өзгеріске бейім. Бұл көрсеткіш осы жылы 27,7 – 31,2 грамм аралығында болды.Сорттардың өнімділігі ең маңызды және негізгі критериі болып табылады, одан әрі селекциялық құндылығы және шаруашылық пайдаланылуымен сипатталады. Бұл жылдың климаттық жағдайында өнімділік бидай сорттарында 9,5-10,1 ц/га аралығында, арпа сорттарында 15,1 центнер гектарға тең болды. Өнім құрылымы бойынша алынған мәліметтерді қорытындыласақ, орта есеппен арпаның ең жоғары өнімділігі Донецкий 8; Қарабалық 150 сорттарында 15,1 ц/га, ал жаздық бидайлар Саратовская 42 - 10,1 ц және Лютесценс 485 – 9,5 ц/га құрады. Қорыта келгенде, құрғақ далалы аймақ жағдайында климаттық жағдайлар арпа сорттарына, өсімдіктердің тығыздығына, масақтағы дән санына және 1000 дәннің массасына мәнді әсер етеді және дәнді дақылдар өнімділігінің және сапасының артуына айтарлықтай мүмкіндік береді. Дәннің жоғары сапалы, ең үлкен өнімділігін қамтамасыз етілуі тұқымның себу мөлшеріне, топырақ құнарлылыгына, метеорологиялық жағдайларға, сорттарға және биологиялық ерекшеліктеріне байланыстылығын көрсетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Коновалов Ю.Б. Формирование продуктивности колоса яровой пшеницы и ячменя. Колос. –М. 1981. 176 с.
2. Киреев, А. К. Сабанның егістіктердің ылғалмен жабдықталуына және тәлімі жердегі арпа өнімділігіне әсері / Е. Н. Нұрманбетов, Б. М. Ағыбаев, Е. Үнғатов //Жаршы,
- 2001. - № 5. - 51-53 б.
3. Культаев, С. Изменение водно-физических своиств среднего солонца в зависимости от обработки под культурой ячменя //Вестник с/х науки Казахстана -1997. - №7. – С 15-22.
4. Русакова, И. В. Соломы – важный фактор биологизации земледелия /Н. А. Кулинский, А. А. Мосалева //Земледелие, - 2003. - №1. – С 9.
5. Шектібаева Г.Х. Батыс Қазақстандағы жаздық бидайдың сорттық үлгілерінің селекциялық белгілері мен қасиеттерінің ерекшеліктері (Г.Х.Шектібаева) Автореферат-2005. -3-4 -бет.

УДК 631.6.03 (574.1)

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ВОДНЫХ РЕСУРСОВ ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ ДЛЯ МЕЛИОРАТИВНЫХ ЦЕЛЕЙ

М. К. Онаев

Западно-Казахстанский аграрно-технический университет имени Жангир хана, г. Уральск

В статье приведены анализ использования водных ресурсов Западно-Казахстанской области для мелиоративных целей, данные по гидрологическому режиму стока крупнейшей водной артерии Урало-Каспийского природно-хозяйственного бассейна – реки Урал.

The paper presents the analysis of the water resources of West Kazakhstan region for reclamation purposes, the data flow on the hydrological regime of the largest water artery of the Ural-Caspian Basin natural and economic - of the Ural River.

Одним из стратегических направлений экономического развития Западно-Казахстанской области является использование всего потенциала сельскохозяйственного производства. Наличие значительных земельных угодий в наиболее благоприятных природно-хозяйственных зонах, обеспечили развитие здесь животноводства и в определенной степени овощеводства. В ходе реформы сельскохозяйственного производства животноводство встало на интенсивный путь развития. В количественном отношении поголовье скота почти достигло предреформенного уровня. Дальнейшее увеличение поголовья скота требует восстановления кормовой базы, ставит задачи по улучшению травостоя на естественных сенокосах.

Для значительной территории региона укрепление кормовой базы животноводства, а также развитие овощеводства связано с применением орошения. Рельефные условия местности и гидрологические режимы рек позволяют применять в регионе как регулярное, так и лиманное орошение. Регулярное орошение в большей степени распространено на територии примыкающей к основным водотокам региона. Лиманное орошение, помимо Урало-Кушумской оросительно-обводнительной системы, Большеузенской ООС и Малоузенской ООС, в значительной степени распространено и вдоль малых рек Уленты, Булдырты, Калдыгайты, Чижа, Дюра и т.д. Оно представляет собой относительно дешевый, доступный и очень эффективный путь повышения урожая естественных трав. Лиманное орошение, потенциал которого в Западном Казахстане по определению Ленгипроводхоза (1964 г.) составляет более 1,6 млн. га, позволяет наиболее эффективно использовать весенний сток и поводковые воды рек для увлажнения почвы, обеспечить стабильное производство кормов с малыми энергозатратами и улучшить эколого-мелиоративное состояние региона [4].

Однако степень освоения этих земель напрямую зависит от водообеспеченности региона. Значительная часть водных запасов местных водотоков, включая трансграничные реки Урал, Большой и Малый Узени, используется на цели сельскохозяйственного производства, обводнение территорий, заполнение местных водоемов и поддержание эколого-мелиоративного состояния региона. Данные по использованию водных ресурсов ЗКО для сельскохозяйственного производства, технических целей и водоснабжения за 2009 год приведены в таблице 1. Основу показателей использования водных ресурсов представляют данные по Урало-Кушумской ООС, Большеузенской ООС, Малоузенской ООС, Джанибекской ООС и Чаганскому водохранилищу. Анализ таблицы показывает, что фактическое состояние водозабора и водоподачи значительно меньше заявленного лицензируемого объема. Фактические объемы водозабора и водоподачи за 2009 год примерно на 20 % ниже чем за 2008 год. Основной причиной снижения водозабора является уменьшение стока реки Урал. Нарушение гидрологического режима водотоков, наблюдаемое в последние десятилетия, создает серьезную угрозу не только дальнейшему развитию сельскохозяйственного производства, но и экологическому равновесию природной среды в целом регионе.

Таблица - 1. Использование водных ресурсов ЗКО для сельскохозяйственного производства, технических целей и водоснабжение (2009 год)

Показатели	Водозабор по лицензии, млн. $м^3$	Фактический водозабор, млн. $м^3$	Фактическая водоподача, млн. $м^3$
Регулярное орошение 55589 га	**60,0**	**12,595**	**11,025**
Лиманное орошение 256954 га	**84,75**	**4,302**	**3,585**
Обводнение 3460,7 тыс. га	**3,672**	**0,414**	**0,345**
Водоподача на экологические, рыбохозяйственные цели и общее водопользование	**326,868**	**431,334**	**340,654**
Технические цели	**0,31**	**0,407**	**0,361**
Водоснабжение	**0,3**	**0,148**	**0,124**
ВСЕГО:	**718,0**	**449,2**	**300,074**

Самым крупным потребителем воды является Урало-Кушумской оросительно-обводнительная система, эксплуатируемая более 70 лет. Уникальная по замыслу она представляет собой систему водохранилищ, магистральных и распределительных каналов с гидротехническими сооружениями. В систему входят каскад из четырех водохранилищ: Кировское, Битикское, Донгелекское, Пятимарское; пять магистральных каналов: Первомайский, Кирово-Чижинский, Бударинский, Фурмановский, Тайпакский, восемнадцать обводнительных каналов. Водозабор в систему и аккумуляция потребных объемов воды производится из реки Урал в период весеннего половодья расходом до 125 $м^3$ в секунду с последующим уменьшением в летний период. В таблице 2 приведены эксплуатационные параметры системы по наиболее характерным годам.

Таблица - 2. Обеспеченность водой Урало-Кушумской оросительной системы и ее использование для мелиоративных целей

Показатели	1980	1996	2003	2006	2009
Водозабор в систему, млн. $м^3$	**890,11**	**447,69**	**350,74**	**400,72**	**343,42**
Регулярное орошение, млн. $м^3$	**16,9**	**1,28**	**1,78**	**1,93**	**4,722**
Лиманное орошение, млн. $м^3$	**349,1**	**198,6**	**2,98**	**2,32**	**4,302**

Колебания водозабора в первую очередь обусловлены стоком реки Урал и необходимостью обеспечения минимальных объемов воды в системе водохранилищ с учетом попуска воды на рыбохозяйственные цели и поддержание экологического состояния региона. Сток реки Урал и емкости водохранилищ Урало-Кушумской оросительно-обводнительной системы позволяют аккумулировать значительные запасы воды для последующего использования в целях сельского хозяйства. В области сохраняются значительные резервы неиспользованных земельных и водных ресурсов, в том числе золотой фонд мелиорируемых земель. Нерациональное использование мелиорируемых земель в целом по республике привели к необходимости разработки комплексной программы восстановления мелиорации в Казахстане к 2020 году. Поэтому, научное обоснование возможностей и перспектив рационального использования имеющихся резервов водных ресурсов, в условиях возрастающего водного дефицита, является новым и перспективным направлением исследований. Ниже дан гидрографический анализ основных водотоков региона.

Урало-Каспийский гидрографический бассейн расположен в западной части Республики Казахстан, охватывающей территорию четырех областей, площадь которых составляет 640,8 тыс. кв. км, в том числе Атырауская – 118,6 тыс. $км^2$, Актюбинская – 205,3 тыс. $км^2$ (кроме территорий Айтекебийского и Иргизского районов), Западно-Казахстанская – 165,8 тыс. $км^2$, Мангистауская – 151,3 тыс. $км^2$ [3].

В регионе проживают более 2 млн. населения. Главное направление экономики – это разработка нефтегазовых месторождений, сельское и рыбное хозяйство. Интенсификация сельскохозяйственного и рыбного производства в значительной степени зависит от водообеспеченности региона.

В Урало-Каспийском бассейне имеется более 200 рек, в т.ч. 12 рек протяженностью более 200 км (включая р. Урал), около 300 водохранилищ, а также казахстанская часть Каспийского моря. Реки бассейна имеют общее направление течения с северо-востока на юго-запад [5].

На формирование характера и водообеспеченность основных водотоков Западного Казахстана основное влияние оказывает рельеф местности, климатические условия, почвогрунты и их гидрогеологические особенности.

Общий Сырт служит водоразделом бассейнов рек Волги и Урала. Поверхность его слабо волнистая, с невысокими останцами. Вдоль южных отрогов Сырта простирается обширная предсыртовая равнина, шириной до 60 км около г. Уральска. Сохраняя увалистый характер, она пересекается многочисленными долинами мелких рек. С западной части Общего Сырта на юг стекают реки Чижа-1, Чижа-2, Большой и Малый Узени и другие. Заканчиваясь в Прикаспийской низменности, они образуют разливы, системы озер и соров. Наиболее крупные из этих рек Большой Узень и Малый Узень стекают в Камыш-Самарские озера.

Мугоджарские горы являются продолжением Южного Урала. Северные Мугоджары занимают пространство между Илеком и Иргизом шириной до 200 км и представляют собой, в основном, холмисто-увалистую возвышенность. Рекой Орью Северные Мугоджары разделяются на западное и восточное крылья. К западу от водораздела плато сильно изрезано водотоками и представляет мелкосопочник, а к востоку от него переходит в слабовсхолмленную равнину, расчлененную сетью левых притоков р. Орь.

Подуральское плато примыкает к Прикаспийской низменности с востока и представляет собой увалисто-холмистую равнину, расчлененную долинами р. Урал и ее левых притоков Илека и Утвы, а также долинами рек Оленты, Булдырты, Калдыгайты и других, более мелких водотоков, стекающих в Прикаспийскую низменность. На поверхности этой части плато встречаются также небольшие бессточные впадины (соры), наполняющиеся весной талыми водами. Реки Подуральского плато, впадающие в р. Урал ниже г. Уральска, представлены двумя маловодными притоками Барбастау и Солянка.

Шынайы тәжірибенің призмасы арқылы қарастырылатын салық механизмі нақты уақыт пен кеңістікте әртүрлі. Бұл билік пен басқарудың әр деңгейіндегі әр мағыналы салықтық әрекеттер, сондай-ақ уақыт қатынасындағы маңызды айырмашылықтар.

Салық механизмі – іс жүзіндегі салықтық қызметтердің жинағы ретінде, салық заңдылықтары мен Ережелерін жүзеге асырудың шарттары мен Ережелерінің жиынтығы болып табылады.

Объективті негізге негізделмеген кез-келген салықтық шара ұдайы өндіріс процесін субъективистік араласу болып көрініс табады. Ол болса өз кезегінде деформацияға ұшыратады.

Салық механизмі салық салудың негізгі салық заңдылықтарына сүйене отырып, салық қатынастарын реттеуге мүмкіндік береді.

Салық механизмі, бұл ұғымды ұйымдастыру экономикалық категория ретінде сәйкесінше қоғамда жасалған ұлттық байлықты жинақтау барысында қалыптасатын қайта бөлу қатынастарын басқарудың қажетті процесі ретінде түсіндіретін салық теориясының бір бөлігі болып табылады. Бұл процесте қалыптасатын қатынастардың барлық сферасын 3 ішкі жүйеге бөлуге болады:

- *салықтық жоспарлау;*
- *салықтық реттеу;*
- *салықтық бақылау.*

Салық механизмі шаруашылық механизмі сияқты екі бастаманы біріктіреді:

- Жоспарлау, яғни халық шаруашылығының барлық аймақтары мен салаларының дамуын теңестіруді объективті күшіндегі экономикалық заңдар арқылы, экономикалық процестерді қоғамдық өндірістің дамуының мақсатты бағытымен сәйкестендіру арқылы экономиканы ерікті реттеу;
- Стихиялық нарықтық бәсеке. Мұнда өндірушілер мен тұтынушылар тіке және кері байланыстар арқылы өзара әрекет етеді.

Өндірушілердің бір шеттілігінің, олардың қайшылықты мүдделерінің салдарынан қиын құбылыстар туады. Сөйтіп, нарық қатынастары бір жағынан қатаң бәсеке жағдайында кейбір жекелеген субъектілердің дамуына әкелсе, екінші жағынан сай келмеуі нәтижесінде жекелеген кәсіпорындардың арасында шаруашылық қатынастарының үзілуіне әкеледі. Осыдан барып өндірістегі үзілістердің және нарықтық дағдарыс тенденцияларының алдын алу үшін мемлекеттің нарықтық қатынастарды реттеу қажеттілігі туындайды. Мұндай реттегіш болып қазір көптеген елдерде мойындалған салық механизмі табылады. Салық механизмін қолданудың тиімділігі мемлекеттің салықтардың ішкі мәні мен қайшылықтарын қаншалықты деңгейде ескеретініне байланысты [5].

Сонымен, салық жүйесінің негізгі мақсаттарының бір – түсімдерді жұмылдыру болып табылады. Бұл салықтық түсімдер мемлекеттік бағдарламаларды және үкіметтің макроэкономикалық міндеттерін орындауға мүмкіндік береді. Осы тұрғыда Батыс Қазақстан облысы бойынша салық түсімдерін зертегім келіп отыр. Батыс Қазақстан облысы бойыншша салықтан түскен түсім қаншалықты мемлекеттік бюджетне әсер ететінін қарастырып өтейік.

1 - кесте. Батыс Қазақстан облысы бойынша бюджеттің атқарылуы жөніндегі ақпарат (млрд теңге)

Атауы	2008		2009		2010	
	Жоспар	Орындалғаны	Жоспар	Орындалғаны	Жоспар	Орындалғаны
Кірістер	195,8	206,6	3 191,6	3 164,0	4 064	4 299
Салықтан түскені	7,43	7,8	113,99	121,4	2793	2872

Мемлекеттік бюджеттің кірістері (трансферттерді есептегенде)2008 жылғы жағдай бойынша жылдық жоспардың 105,5 %-ына орындалды және іс жүзіндегі түсімдер 206,6 млрд.теңгені құрады.

2008 жылы мемлекеттік бюджеттің **салықтық түсімдер** бойынша жоспары 104,9 % орындалды немесе 7,8 млрд.теңгеге *аса орындалғаны* байқалады. **Салықтық емес түсімдер** 2,1 млрд.теңгеге асыра орындалды. **Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер** 0,9 млрд.теңгеге орындалды.

Мемлекеттік бюджеттің кірістері 2009 жылғы жағдай бойынша 99,1 %-ға атқарылуы немесе жоспардағы 3 191,6 млрд.теңгеде іс жүзіндегі түсім 3 164,0 млрд.теңгені құрады.

2009 жылы мемлекеттік бюджеттің **салықтық түсімдер** бойынша жоспары 106,5 % орындалды немесе 121,4 млрд.теңгеге *асыра орындалғаны* байқалады. **Салықтық емес түсімдер** 6,4 млрд.теңгеге орындалмады немесе орындалу пайызы 93,0 % құрады. **Негізгі**

капиталды сатудан түсетін түсімдер бойынша жоспар13,2 млрд.теңгеге немесе 70,7 % орындалмаған. **Трансферттер түсімдері** 89,1 %-ға орындалды.

Келесі кестемде осы айтылған ақпарат бойынша Қазақстан Республикасының мемлекетік бюджетінің қанша бөлігі салықтан құралатынын көрсеткім келіп отыр.(2 кесте)

2 - кесте. Мемлекеттік бюджетке түскен салықтардың көлемі (млрд теңге)

Атауы	2008	2009	2010
Әлеуметтік салық	15,9	205,2	253, 8
Қосымша құн салығы	13,7	365,8	677, 2
Корпоративтіктабыс салығы	69,0	489,4	837, 2
Жеке табыс салығы	18,6	232,1	312, 3
Акциздер	1,7	8,4	47,8

Бұл кестеде көріп отырғанымыз корпоративтік салық мемлекеттік бюджеттің жартысынан көбін құрайды, және де басқа салықтар мен салыстырғанда ең үлкен көлемде төленетін салық түрі болып саналады [6].

2008 жылдың жоспардың орындалмауы келесі салық түрлері бойынша байқалады:

- *әлеуметтік салық* бойынша жоспар 92,9 %-ға атқарылды, 17,1 млрд.теңге жоспарда бюджетке 15,9 млрд.теңге түсті, атқарылмау себебі:

1. әлеуметтік салық ставкаларының төмендеу;
2. кәсіпорындар мен мекемелерде қызметкерлер санының қысқартылуы;
3. өндіріс көлемінің азаюы;

Қосымша құн салығы бойынша – 13,7 млрд.теңгеге жоспар орындалмады, оның ішінде:

- *ішкі өндіріс тауарларына салынатын қосылған құн салығы* бойынша жоспар 79,4 %-ға атқарылды немесе 18,3 млрд.теңге жоспарланған сомада бюджетке 14,5 млрд.теңге түсті. 2008 жылғы 1 ақпанындағы жағдай бойынша бюджеттен өтеу 19,2 млрд.теңгені құрады, ол бұрынғы жылға қарағанда 5,5 млрд.теңгеге төмендеді.

Еңбекақыдан алынатын салықтар бойынша түсімдер жоспарларының орындалуы 2008 жылдың қаңтар - желтоқсан айларында 60,7 мың теңгені құрады, өткен жылға қарағанда 14,1 %-ға өсті, еңбекақы қоры 16,7 %-ға өсті.

Айталық, *жеке табыс салығы* бойынша жоспар 109,6 %-ға атқарылды немесе 18,6 млрд.теңге жоспарда бюджетке 20,4 млрд.теңге түсті.

- *корпоративтік табыс салығы* 50,4 млрд.теңге жоспарда бюджетке 69,0 млрд.теңге түсті немесе 136,8 %.

2009 жылғы жоспардың орындалмауы мына салық түрлері бойынша қалыптасқан:

- *әлеуметтік салық* жоспар 97,9 %-ға атқарылды, жоспардағы 209,6 млрд.теңгеде бюджетке 205,2 млрд.теңге түсті, бұл өндірілетін жұмыстар, көрсетілетін қызметтер көлемінің азаюымен шартталған, осыған байланысты кәсіпорындарда жұмыс орындары қысқарды, тиісінше әлеуметтік салық бойынша есептеулер мен түсімдердің сомасы төмендеді;

- *импортталатын тауарларға салынатын ҚҚС* бойынша 362,8 млрд.теңге жоспарда іс жүзіндегі түсім 365,8 млрд.теңгені құрады немесе 100,9%-ға атқарылды. Орындалмаудың негізгі себебі импортталатын мұнай бағасының төмендеуі, әкелінетін автокөлік құралдарының азаюы болып табылады.

- *импортқа салынатын акциздер* бойынша 16,8 млрд.теңге жоспарда іс жүзінде 16,4 млрд.теңге түсті немесе 97,8%-ға атқарылды. Жоспардың орындалмау себебі акцизделетін тауарлардың импорты көлемінің азаюы, сондай-ақ артық төленген соманың қайтарылуы болып табылады.

Сонымен қатар, мынадай салық түрлері бойынша жоспарды асыра орындау байқалады:

- *корпоративтік табыс салығы* бойынша 495,9 млрд.теңге жоспарда бюджетке 489,4 млрд.теңге түсті немесе 98,7 %. Жоспардың асыра орындалуы ҚР қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын, сондай-ақ ҚР көздерден табыстар алатын бейрезидент заңды тұлғалардың салық салынатын табысының өсуі нәтижесінде бейрезидент заңды тұлғалардың дивидендтер төлеу сомасының артуына байланысты;

- *мүлікке салынатын салық* 78,7 млрд.теңге жоспарда бюджетке 89,4 млрд.теңге түсті, немесе 113,6%, салық салынатын базаның ұлғаюы есебінен бюджетке жоспардан 10,7 млрд.теңге түсті.

2010 жылдағы *корпоративтік табыс салығы* бойынша жоспардағы 847, 9 млрд.теңгенің орнына бюджетке 837, 2 млрд.теңге түсті, орындау 98,7 %-ды құрады.

Жеке табыс салығы бойынша жоспар 103,7%-ға орындалды немесе 301,3 млрд. теңге жоспарда бюджетке 312, 3 млрд.теңге түсті.

Әлеуметтік салық бойынша жоспар 104,4 %-ға орындалды, жоспардағы 243, 0 млрд. теңгенің орнына бюджетке 253, 8 млрд.теңге түсті [7].

Кез келген мемлекеттік бюджеттің стратегиялық мақсаты мемлекет талаптарын қанағаттандыру, әлеуметтік, саяси және экономикалық тиімді саясатқа қол жеткізу, жоғары экономикалық өсу қарқындарын қамтамасыз ету болып табылады. Осы мақсаттарға жетудің негізгі екі концепциясы бар.

Біріншісі мемлекет шығындарын төмендетуге бағытталған. Бұл концепцияны жақтаушылар бюджет шығындары төмендесе, бюджеттің табыс бөлігін құрайтын салық түсімдерінің көлемі де төмендейді, осылайша салық ставкалары азайып, ол кәсіпкерлерді ынталандырады, өндіріс кеңейді, халықтың сатып алуы көбейді, тұтынудың және өндірістің артуы салық базасының кеңеюіне және бюджетке түсетін салық түсімдерін көбейтуге мүмкіндік береді деген ұстанымда.

Екіншілері салық түсімдерін көбейту арқылы мемлекеттік бюджет шығындарын арттыру бағытында. Олардың пікірінше шығындар мемлекеттік сатып алуды көбейтеді, оның әсері кәсіпорындар мен халықтағы ақша массасының көбеюіне әкеліп, өндіріс көлемінің ұлғаюына әкеледі. Дегенмен осы тетіктің тиімділігі мемлекеттік бюджет шығындары жалпы ішкі өнімнің 33-35 %-ын құраған кезде мүмкін болмақ. Оны қолдану барысында инфляция қаупін туғызбай қоймайды, сол себепті бұл жағдайда бюджеттік жоспарлауды ақша-несие саясатымен тығыз байланыстыру керек. Директивті жоспарлау дербес өнім мен тауар өндірушілердің жеке жоспарлау тәжірибесін жоққа шығарған жоқ. Қазіргі таңда аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуларын теңестіру мақсатында жоспарлаудың төменнен басталуы маңызды. Мемлекеттік басқару елдің масштабына сай жүзеге асады (жалпыаумақтық, жалпымемлекеттік басқару)

Қорыта келгенде, салықтар көптеген елдерде әр түрлі аталғанымен, кейде оларға салық салу және алыну жолдары ұқсас болып келеді. Салық төлеуші ретінде салық төлеу жауапкершілігі жүктеген заңды және жеке тұлғалар танылса, ал салық салу объектілері болып салық төлеушінің есепті кезеңде алған табыстары, тауарлары, мүліктері, көлік құралдары, пайдасы және тағы да басқалар табылады. Салық ақшалай және заттай түрде әділеттілік, теңдік және тұрақтылық тәрізді салық салу принциптері негізінде құрылған салық ставкалары қолдану арқылы алынады. Салық ставкалары тұрақты немесе пайыз түрінде тағайындалады. Пайыздық ставкалар үйлесімді, үдемелі және кемімелі болып бөлінеді. Ал салық жеңілдіктері сол мемлекеттің қазыналық саясатының бағыттары мен бағдарламаларын ескере отырып жүзеге асырылады.

Салықтарға қатысты менің келесідей ұсыныстарым:

- егер де заңды тұлғалар табысқа салық бойынша есепті жасау кезінде барлық сома төленген болса, онда оларға белгілі бір пайыз түрінде жеңілдіктер жасау;

- сонымен қатар экспортерлер үшін де белгілі бір пайыздық жеңілдіктер беру.

Осы арқылы олардың кәсіпкерлік қызығушылығын көтеруге мумкіндік туындайды заңды тұлғалар үшін салық түрлері бойынша есептерді дайындау мен осы салыққа қатысты барлық өзгерістер мен мәселерді жете түсіндіру мақсатында тегін курстар ұйымдастыру. Осының негізінде салықтар бойынша толтырылатын декларацияны және жылдық жиынтық табыс пен шегерімдерді анықтауда сұрақтары азаятын болады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Искакова З.Д. «Реформирование налоговой системы в разрешении проблемы формирования доходов государственного бюджета Казахстана»,- Вестник. Серия экономика. Алматы - №3(43) 2004, 4-9 бб.
2. Карагусова Г. «Сущность налогообложения»,- Алматы: 22-23 бб.
3. Керімбек Ғ.Е. Салық және салық салу. Оқу құралы. - Алматы,2004. 28-32 бб.
4. Скакова Г.Е. «Қазақстан Республикасындағы салық саясатын мемлекеттік реттеу» Алматы-2010.-№2.-44-46б.
5. Сейдахметов Ф.С. «Налоги в Казахстане». Алматы - 2002, 115-119 бб.
6. www.salyk.kz
7. www.minfin.kz

УДК 336.13 (574)

ПОВЫШЕНИЕ КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ ЭКОНОМИКИ

С. А. Бухарова

Западно-Казахстанский аграрно-технический университет имени Жангир хана, г. Уральск

В статье приведен анализ взаимообусловленности и взаимосвязи между процессами кластеризации, усилением конкурентоспособности и ускорения инновационной деятельности - нового экономического феномена, который позволяет противостоять натиску глобальной конкуренции и должным образом отвечать требованиям национального и регионального развития.

The paper analyzes the interdependence and interrelation between the processes of clustering, increased competitiveness and accelerate innovation - a new economic phenomenon that can withstand the onslaught of global competition and adequately meet the requirements of national and regional development.

Идея повышения конкурентоспособности национальной экономики на основе реализации кластерных стратегий не нова. Но на этапе выхода из кризиса, когда традиционные методы диверсификации уже не могут дать должной отдачи, использование кластерной модели организации бизнеса в качестве адекватного инструмента модернизации экономики не имеет альтернативы. Взаимообусловленность и взаимосвязи между процессами кластеризации, усиления конкурентоспособности и ускорения инновационной деятельности - это новый экономический феномен, который позволяет противостоять натиску глобальной конкуренции и должным образом отвечать требованиям национального и регионального развития.

Французские кластеры существуют всего три года, однако по мнению многих специалистов, именно французская модель инновационной промышленной политики, если не самая успешная в Европе, то безусловно, одна из них.

В Германии до недавнего времени развитие региональных кластеров происходило без вмешательства государства. Центральное правительство внедряет большое число программ поддержки отдельных регионов и областей технологий, но более специфическое планирование развития кластера осуществляется местными властями, что позволяет учитывать особенности каждого региона. Например, такой регион, как Рур, специализирующийся на тяжелой промышленности, пытается перейти на информационные технологии. Успешно функционируют на этой основе кластеры, например, автомобилестроения в Баден-

Вюртемберге, производства медицинской техники в Тутлингене, «регион чипов» вокруг Дрездена или биотехнологический кластер в регионе Берлин-Бранденбург.

Разумеется, многие кластеры до сих пор невелики по размерам или не достигли конкурентоспособности и находятся в поиске способов выхода в лидеры. На действенность кластера, а следовательно на его развитие, значительно влияет наличие научного потенциала и активность исследовательских институтов. Государство определяет сферу деятельности исследовательского института, снабжая его соответствующими полномочиями и оборудованием. В Баварии, например, существуют специальные лица (координаторы), организующие взаимодействие агентов внутри кластера. Координаторы обычно выбираются из профессорской среды. В Германии налажены тесные связи между бизнесом и академической средой. Профессора университетов часто также заняты в исследовательских институтах, которые в свою очередь сотрудничают с частными фирмами. Таким образом, исследовательские институты, чья цель заключается в передаче технологий, поддерживают тесную связь как с университетами, так и с промышленным сектором. На территории университетов профессорам с разрешения руководства университетом позволено создавать частные исследовательские центры, которые являются независимыми юридическими лицами.

Министерство образования и исследований Германии оказывает поддержку в международном обмене знаниями и ключевыми инновациями в таких отраслях, как здравоохранение, биотехнологии, информационные технологии, экология, транспорт, и поддерживает образовательные и научные программы за рубежом.

В Великобритании правительство выделило 30 млн. долл. на создание фонда, который будет финансировать инновационные кластеры, и определило районы вокруг Эдинбурга, Оксфорда и в Юго-Восточной Англии как основные регионы размещения биотехнологических фирм. В Норвегии правительство стимулирует сотрудничество между фирмами в кластере «Морское хозяйство». В Дании в рамках программы конкурентоспособности выделено 16 кластеров общенационального уровня и 13 регионального. Для каждого из них в ходе диалога между фирмами, входящими в состав кластеров, и властями различных уровней разработаны конкретные меры поддержки. В Австрии также разработана национальная инновационно-исследовательская программа (TIP), ключевым фактором которой стала политика стимулирования развития связей между исследовательскими институтами и промышленным сектором, снижение регуляторных барьеров в инновационных программах, специализация кластеров и формирование центров конкурентоспособности.

В Финляндии в рамках реализации активной государственной промышленной политики сформирован кластер информационных и телекоммуникационных технологий как альтернатива ресурсно-ориентированному, работающему на «зрелом» рынке лесному кластеру. Хотя подавляющая часть продукции кластера производится одной компанией Nokia, «взлетевшей» за последние годы на вершину мировых корпоративных рейтингов, созданные в рамках этого кластера системы - образования, инновационная, сеть связанных производств и услуг - обладают самостоятельной ценностью и формируют условия для развития устойчивых конкурентных преимуществ. Прогнозируемые темпы развития этого кластера до 2015 г. составляют 8,1% в год, что превышает ожидаемые темпы развития экономики в целом более чем в 2,5 раза (3,2%) [1].

Если до недавнего времени кластеры были привилегией наиболее развитых экономик, то в последние годы наблюдается проявление этого феномена и в развивающихся странах. В Венгрии, Польше, Чехии, Словении кластеризация поддерживается специальными программами. В частности, к 2003 г. в Венгрии была создана система из более 150 кластеров по следующим направлениям: строительство, текстильное производство, термальные воды, оптическая механика, автомобилестроение, деревообработка, пищевая продукция, электроника и т. д. Там же функционирует более 75 промышленных парков, объединяющих 556 компаний с числом работающих 60 тыс. чел. Промышленные парки Венгрии имеют существенные таможенные и налоговые льготы. В 2007-2011 гг. непосредственно на создание технологических платформ и инновационных кластеров государство выделило 26 млрд. евро. Кроме того, выделено 80 млн. евро для укрепления связей между университетами и промышленностью, 7 млн. евро - на поддержку малого инновационного бизнеса, 50 млн. евро - на расширение сети бизнес-инкубаторов, поддерживающих малые фирмы на ранних стадиях [2].

В Чехии под эгидой Министерства промышленности и торговли действует программа «Кластеры». Ее цели - создание и развитие кластеров, укрепление таких горизонтальных и вертикальных форм кооперации, как например, поставщик — потребитель; научно-исследовательский институт – производитель; оптовая торговля – розничная. Как правило, предприятия определенной отрасли совместно с университетами в том или ином регионе образуют кластер-юридическое лицо, которое координирует совместные разработки, производство и сбыт и является получателем дотаций. Кластер должен обслуживать не менее чем 15 самостоятельных организаций, из их числа 75% должны заниматься производством, торговлей или оказанием услуг. Большинство участников кластера (не менее 60%) должны являться малыми и средними предприятиями.

В Словении принята стратегия повышения конкурентоспособности промышленности на основе функционирования кластеров, создана ассоциация «Автомобильный кластер Словении», в которую вошли 22 предприятия и 5 научных и образовательных учреждений. Как следует из данных Всемирного экономического форума, активная кластеризация экономик Венгрии, Чехии и Словении позволила этим странам значительно повысить свои рейтинги конкурентоспособности и войти в 30-ку наиболее конкурентоспособных.

Подчеркнем, что кластерная политика отличается разнообразием практических подходов и не существует, по крайней мере, в виде четко определенного набора политических инструментов (в отличие, например, от инвестиционной политики). То же можно сказать о многообразии распределения компетенций между центральными и местными властями.

В США федеральное правительство не имеет полномочий напрямую вмешиваться в политику штатов в области развития региональных кластеров, хотя предоставляет им косвенную поддержку. В последние три-четыре года эти отношения стали укрепляться в рамках реализации программ центрального правительства, нацеленных на поддержку либо отдельных отраслей (электроники, Интернета), либо отдельных университетов и исследовательских центров.

На уровне региональных властей поддержку развитию региона оказывают так называемые «институты сотрудничества». Институты сотрудничества - Institutions for collaboration, состоящие из представителей местной администрации, университетов, промышленных групп и исследовательских институтов. Особая роль принадлежит университетам, отношения которых с бизнесом, включая процедуры передачи технологий от университетов промышленному сектору, четко прописаны в законодательстве США. Важно, что это сотрудничество основано на принципе конкуренции - финансирование университета со стороны частного сектора уменьшается или увеличивается в зависимости от результатов исследований. Вместе с тем необходимо соблюдать разумный баланс между учебным процессом и работой с бизнесом, которая не должна отвлекать внимание преподавателей от образовательной деятельности.

Ценный опыт в создании высокотехнологичных инновационных кластеров накоплен в Канаде. Среди наиболее известных - биотехнологический кластер - (Монреаль, Торонто, Ванкувер, Оттава, Галифакс); информационно-телекоммуникационный кластер (Ванкувер, Калгари, Квебек и др.); кластер высоких технологий (Монреаль, Онтарио и др.); мультимедийный кластер (Монреаль, Торонто, Ванкувер); винодельческий кластер (Ниагара); кластер пищевой промышленности (Торонто) и др. Содействие кластерным инициативам бизнеса оказывают в Канаде все уровни власти - федеральный, региональный и муниципальный, но конкретные формы поддержки различаются на каждом уровне.

В Канаде отсутствует единая концепция реализации кластерной политики на федеральном уровне. Предполагается, что основная роль правительства должна сводиться к установлениям общих для экономики правил и предоставлению услуг, а реализация конкретных кластерных инициатив может быть поручена администрациям провинций и муниципалитетов. В то же время кластерная стратегия является частью национальной инновационной стратегии страны. Координацию данной стратегии осуществляет Национальный Исследовательский Совет (НИС) - ведущее федеральное агентство по научно-исследовательскому развитию. Им были инициированы технологические кластерные инициативы. Помимо этого на федеральном уровне правительство Канады оказывает

поддержку кластерам в осуществлении политики по привлечению инвестиций, в содействии в реализации продукции компаний на внешних рынках, регулировании рынка рабочей силы, инвестировании в перспективные научные исследования и разработки, создании образовательных программ, в защите интеллектуальной собственности и т. д.

На уровне провинций Канады кластерная политика получает активную поддержку в виде финансирования научных разработок, реализации образовательных программ, привлечения внешних инвестиций и оказания сопутствующих услуг. Ведущую роль здесь играют агентства регионального развития - управляющие компании при правительстве провинций. Наиболее существенна роль в реализации кластерной политики органов местного самоуправления. В их задачи входит широкий спектр вопросов - от создания образовательных программ до обновления всех ключевых инфраструктур для кластеров.

В Японии формирование промышленных кластеров до недавнего времени осуществлялось исключительно при поддержке центрального правительства, однако в настоящее время в этом процессе начинают активно участвовать и региональные власти. Региональному сообществу предоставляется возможность реализовать кластерные инициативы за счет собственных ресурсов, создавать венчурный бизнес и новые производства. В данном контексте региональные кластеры оказываются как бы новой формой концентрации промышленности, в которой университеты, исследовательские институты и корпоративные кластеры активно кооперируются. Благодаря этому исследования и разработки компаний стали все более ориентироваться на коммерческий успех, упрощено регулирование заключения сделок с иностранными исследователями с целью стимулирования сотрудничества и обмена наработками с зарубежными университетами и исследовательскими институтами.

Исследования и разработки компаний все более ориентированы на коммерческий успех, а представители университетов стремятся к более наглядному проявлению результатов своей полезной для общества деятельности. В созданных государством особых зонах регулирование заключения сделок с иностранными исследователями было упрощено с целью стимулирования сотрудничества и обмена данными с зарубежными университетами и исследовательскими институтами.

В настоящее время в Японии действует программа «Knowledge cluster initiative», стимулирующая развитие кластеров в 18-ти регионах страны. Содействие оказывается совместным проектам, в которых региональные университеты выступают в роли ядра кластеров, образованных сетью малых инновационных фирм и крупных промышленных компаний.

В Китае кластерная политика связана с формированием муниципальными властями с одобрения центрального правительства особых зон высокотехнологичных отраслей. Само центральное правительство также отбирает фирмы, которые пользуются исключительными привилегиями. Кроме того, оно всячески поощряет сотрудничество бизнеса и университетов, сознавая его важность в появлении собственных технологических инноваций, повышению технологического уровня продукции. Пока успехов в организации такого сотрудничества добились лишь в нескольких отраслях, например информационных и биотехнологиях, но этот опыт быстро распространяется и на другие области.

Придавая важное значение развитию собственных инноваций, повышению технологического уровня продукции в целях сокращения качественного разрыва между конкурентоспособностью экономик Китая и развитых стран, правительством страны было принято решение о создании офисов лицензирования технологий в университетах. Этот шаг призван способствовать активизации сотрудничества бизнеса и академической среды, содействовать коммерциализации результатов исследовательской работы и усилению конкуренции.

Образцом для построения наукоемких кластеров в Китае считается Силиконовая долина и некоторые другие успешные примеры зарубежной практики кластеризации. В настоящее время в стране функционирует примерно 60 высокотехнологичных зон, однако их рентабельность невысока и заметно различается от региона к региону. Поэтому своей главной задачей правительство считает устранение межрегиональных различий.

Анализируя мировой опыт кластеризации, нельзя не отметить тенденции развития все большего количества международных мировых кластеров, в том числе выходящих за рамки отдельных регионов. Так, например, многие кластеры, имеющие статус европейских, стремятся выйти на международный уровень. Главным образом это касается международных и трансграничных проектов. Примером может служить «Биотехнологическая долина», объединяющая кластеры Франции и соседствующих с нею Германии и Швейцарии, благодаря чему достигается мощный синергетический эффект. Французский фармацевтический кластер через университет Луи Пастера осуществляет сотрудничество с канадским кластером «Invivo», действующим в Монреале. Цель такого сотрудничества - найти для компаний указанных кластеров перспективные рынки сбыта в Северной Америке и Европе.

Важную роль в создании международных кластеров играют разнообразные программы научно-технического сотрудничества, в частности, в европейской практике - это «Эврика» и Рамочные программы НИОКР. Они помогают потенциальным партнерам, устанавливать контакты на национальном уровне.

Первые попытки внедрения кластерного подхода в экономику предпринимаются сегодня в странах СНГ. Например, согласно данным Международного фонда содействия рынку, в Украине сформированы и практически работают свыше 25 промышленных агломераций компаний и структур, которые взаимодействуют по схеме, близкой к кластерной. К числу наиболее крупных и успешных по объему выпускаемой продукции следует отнести строительный и швейный кластер в г. Хмельницкий.

В разгар кризиса в июле 2009 г. Постановлением Президиума НАН Украины одобрен Порядок создания и функционирования национальных инновационных кластеров, а также определен перечень входящих в их состав академических учреждений и промышленных предприятий. Кластеры создаются в приоритетных направлениях инновационной деятельности: «Новые машины» (Днепропетровск), «Новые материалы» (Харьков), «Биотехнологии» (Львов), «Новые продукты питания» (Киев и Киевская область), «Новые технологии природопользования» (Донецк), «Инновационная культура общества» (Киев), «Новейшие силовые установки и двигатели» (Запорожье), «Энергетика устойчивого развития» (Киев).

Например, стекольный кластер в Верхней Австрии, Баварии (Германия) и Богемии (Чехия), текстильный кластер в Нижней Австрии и Богемии, станкостроительный кластер в Штирии (Австрия) и Словении, биотехнологические кластеры Эресунн (Дания-Швеция), «БиоДолина» (Германия-Швейцария-Франция), Твенте (Нидерланды-Германия), информационно-телекоммуникационный кластер «Долина Доммель» (Бельгия-Нидерланды) и консалтинговый кластер Венло (Нидерланды-Германия) [3].

В последние годы активизировалась подготовительная работа по созданию кластерных структур на основе крупных промышленных корпораций, сетевых структур в Казахстане. В мартовском 2004 г. Послании Президента народу страны идея кластерного развития определена в качестве основного метода диверсификации ее экономики. С этого же года АО «Центр маркетингово-аналитических исследований» совместно с консалтинговой компанией США «JE Austin» реализует проект по оценке конкурентоспособности действующих и потенциально перспективных секторов казахстанской экономики, конечной целью которого является создание в стране кластеров. Работу над проектом возглавил идеолог кластеризации М. Портер. До настоящего времени определены следующие отрасли, в которых будут создаваться «пилотные» кластеры: металлургия (Центральный Казахстан), нефтегазовое машиностроение (Западный Казахстан), текстильный (Южный Казахстан), пищевая промышленность (сельскохозяйственные области), производство строительных материалов (Алматинская область), туризм (Алматы), транспортная логистика (транспортный коридор между Китаем и Европой) [4].

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Jonathan Sallet and Ed Paisley Innovation Clusters Create Competitive Communities. Huff Post Social News September 21, 2010.
2. Powerful dusters: Main Drivers of Europe's Competitiveness (пер. автора). Brussels, 17i1 October 2008 <http://ec.europa.eu/enterprise/innovation/index_en.htm>
3. Портер М. Конкуренция. М.: Изд. дом «Вильямс», 2011.
4. Oulu Region — The Direction for Expertise. Oulu: Painotalo Suomenmaa, 2009.
5. Synopsis of Policy Options for Creating a Supportive Environment for Innovative Development. ECE/CECI/2008/3, Geneva, 9 September 2008.

ӘОЖ 664:005.6

ТАҒАМ ӨНІМДЕРІНІҢ САПАСЫН БАСҚАРУ

Ж. Ж. Габбасова

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қаласы

Мақалада тағам өнімдерінің қауіпсіздігі мен сапасының адам өмірі үшін қаншалықты маңыздылығы туралы айтылады. Тағам өнімдерінің қауіпсіздігіне әсер ететін факторлар келтіріледі. Тағам өнімдеріне қатысты Еуропа заңдылықтары баяндалады. Сапаны жоғарылату мен тағам өнімдерінің қауіпсіздігі бойынша шаралар анықталады.

In article importance of safety and quality of food production for human life is told. The factors influencing safety of food production are resulted. It is marked the European legislations on food production. It is defined actions for improvement of quality and safety of food production.

Сапа тағам өнімдерінің халықаралық нарығындағы жарыстың айрықша белгісіне айналды. Жақсы дайын өнім алу үшін шикізат материалдарын жеткізуден бастап дайын өнімді түпкі тұтынушыға жеткізген уақытқа дейінгі тағам өнімдерін дайындаудың барлық кезеңдерінде сапа менеджментін жүзеге асыру талап етіледі. Сапаға ұмтылу бұл ерікті таңдау емес. Тұтынушының тағам өнімдерінің сапасы нені білдіретінін түсінуі, адамдардың денсаулығын және тағам өнімдерінің қауіпсіздігін қорғау ауыл шаруашылығы мен азық-түлік өнеркәсібі операторларын сапа менеджментіне инновация мен өндірістің стратегиялық маңызды мәселесі ретінде қарауға мәжбүрлейді [2].

Ауыл шаруашылығы мен азық-түлік өнеркәсібі үшін сапа менеджменті мәселесі ерекше орын алады. Тұтынушы мен тағам өнімдерінің арасында эмоционалдық байланыс бар. Тағам өнімін әрбір адам өмір бойы күн сайын тұтынады және оның денсаулығы мен амандығы сол тағамға тікелей және жанама байланысты. Тағам өнімдерінің қауіпсіздігі мен пайдалылығы тұтастай қоғам үшін бірінші дәрежелі маңызды болып табылады. Тағам өнімдерінің сапа менеджменті дәстүрлі түрде ең алдымен өнімнің қауіпсіздігіне назар аударған еді. Қазіргі уақытта сапа тұжырымдамасы кеңейе түсті және тағам өнімдерінің басқа да аспектілерін қамтиды.

Индустриализацияның және онымен байланысты тағам өнімдері өндірісінің масштабының ұлғаюы зардабының бірі - ірі кәсіпорындарда тағам өнімдері кездейсоқ ластанған және осындай өнім партиясы супермаркет сөрелеріне түскен жағдайда көптеген тұтынушылар улану қаупіне ұшырайды. Мұндай жағдайлардың салдарымен күреспей, олардың алдын алу үшін сапа өндірістік жүйенің құрамдас бөлігіне айналуы тиіс.

Тағам өнімдерінің сапасы мен пайдалылығын көбінесе сыртынан қарап білуге болмайды, сондықтан тұтынушыға өндіруші ұсынған ақпаратқа сенуге тура келеді. Соған қарамастан біздің уақытымызда қол жеткізген негізгі жетістіктеріміздің бірі – батыс елдерде тағам өнімдерін өндіруші мен тұтынушы арасында сенімге негізделген өзара қарым қатынас қалыптасады [1].

Медицинаның, ғылым мен тағам өнімдерінің өндірісі технологиясының даму қарқынына қарамастан тағам өнімдерінде кездесетін патогенді микробтардың әсерінен болатын аурулар әлі күнге дейін адам денсаулығына қатысты да, экономикалық зардаптарға қатысты да күрделі міндеттердің бірі болып келеді. Тағам өнімдерінің әсерінен болған күрделі аурулардың нақты санының тек бір бөлігі ғана тағам өнімдері инспекциясы органдарының, бақылаушы ұйымдардың және денсаулық сақтау мекемелерінің назарына ілігеді. Бұл ластанған тағам өнімдерінің әсерінен болған аурулардың нақты санының тіркелген жағдайлар санынан әлдеқайда жоғары екендігін білдіреді. Бұл жағдай тағам өнімдерінің қауіпсіздігін басқару мен қамтамасыз етуге шұғыл назар аудару қажеттігін білдіреді.

Ауыл шаруашылығы өнімдері физиологиялық үдерістер мен имкробиологиялық ластанудың нәтижесінде көбінесе жылдам бұзылатын және бұзылуға бейім болып келеді. Бұл үдерістер адам денсаулығы үшін қауіпті болуы мүмкін, сондықтан сапаны адекватты түрде басқару үшін нақты өнім спецификасы туралы терең білу талап етіледі.

Ауыл шаруашылығы өнімдерінің алғашқы өндірісі көптеген ұсақ фермаларда жүзеге асырылады, бұл бақылауды мейлінше қиындатады.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірудің бұл типтік аспектілерінен басқа да бірнеше факторлар мен тенденциялар сәйкес сапа менеджментіне деген қажеттілікті күшейтеді.

Сапа менеджменті тұрғысынан әрбір компания жабдықтаушылар мен тұтынушылардан тұратын күрделі желінің (көптеген үзбелер мен үзбелер компоненттерінен тұратын) бөлігі болып табылады. Әрбір компания бір уақытта өзінің жабдықтаушылар үшін тұтынушы және өзінің тұтынушылары үшін жабдықтаушы болып табылады. Кей кездері компания өзінің назарын тікелей тапсырыс берушілеріне және келесі үзбе тұтынушыларына аударулары тиіс. Тағам өнімдерін өндіруші компаниялар олардың өнімдерін пайдаланушы адамдардың да, түпкі өнімді тұтынушы адамдардың да, сонымен қатар оларды сатушы бөлшек саудагерлердің де қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін, сөзсіз, күштеніп еңбек етеді, бұл кезде біріншілерін «тұтынушылар» деп, ал екінші категориядағыларды «тапсырыс берушілер» деп атайды. Тағам өнімдерін өндіруші компаниялардың қосымша мақсаты - тағам өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және денсаулықты сақтау. Бұл тұрғыдан олар тағам өнімдерін әзірлеу тізбегіне қатысушы басқаларға да ішінара тәуелді болады. Бұл тізбектің соңғы жағында тұрған компаниялар өзінің тұтынушыларының үмітін неғұрлым толығырақ қанағаттандыру үшін өзінің сапа менеджментін тізбектің алдыңғы үзбелерінде кеңейту қажеттігін сезінеді. **Тағам өнімдерін әзірлеу тізбегімен байланысты келесі аспектілерді бөліп көрсетуге болады:**

- технологиялық аспектілер және ауыл шаруашылығы өнімдерін әзірлеудің барлық тізбегіндегі өзара әрекеттер;
- жеткізу және серіктестік тізбегін басқару;
- жабдықтаушы мен тұтынушы арасындағы өзара қарым-қатынас;
- барлық тізбек бойы сапаны қамтамасыз ету, сонымен қатар тағам өнімдерін әзірлеу тізбегінде стратегиялық кеңестерді құру.

Денсаулықты сақтау және тағам өнімдерінің қауіпсіздігі аспектілері сапаның маңызды ішкі атрибуттары болып табылады. Денсаулықты сақтау аспектілері тағам өнімдерінің құрамы мен диетикалық құндылығына байланысты. Мысалы, қоректік заттар құрамының дұрыс болмауы адам денсаулығына теріс әсерін тигізуі мүмкін. Қазіргі уақытта азық-түлік өнеркәсібі қоректік заттарға деген қажеттілікті функционалды тағам өнімдерін әзірлеу арқылы қанағаттандыруды жоспарлап отыр. Мұндай өнімдер адам денсаулығына оң әсер етеді деп күтіліп отыр. Мысалы, бұл май мен холестерин мөлшері төмен, сонымен қатар витаминдер немесе минералды заттар мөлшері жоғары өнім болады.

Тағам өнімдерінің қауіпсіздігі бұл тәуекелдің тиімді деңгейінде өнімнің қауіптерден «еркін» болуына қатысты талаптардың орындалуы. Тәуекелді адам денсаулығына келетін зиянның ықтималдық дәрежесі және ауыртпалығы ретінде сипаттауға болады. Егер өніммен байланысты тәуекел тиімді деңгейді болса тағам өнімін қауіпсіз деп есептеуге болады.

Тағам өнімдерінің қауіпсіздігі көптеген факторлардың әсеріне байланысты болады, мысалы, патогенді микроорганизмдердің болуы, токсикологиялық қосылыстардың, физикалық материалдардың және бұзылудың болуы. Денсаулыққа теріс әсер ету қандай да бір мерзім өткеннен кейін білінуі мүмкін. Кейбір жағдайларда өткір көрініс алуы мүмкін, мысалы, аллергиялық реакцияларда немесе тағамдық улану, ал басқа жағдайларда созылмалы аурулар пайда болады, мысалы, обыр, жүрек және қан тамыры аурулары. Мұндай созылмалы аурулар тамақ жеу тәртібінің бұзылуы немесе ұзақ уақыт бойы химиялық заттарды пайдаланудан болуы мүмкін.

Органолептикалық қасиеттер мен сақтау мерзімі де сапаның маңызды ішкі белгілері болып табылады. Тағамның органолептикалық қасиеттері дәмнің, иістің, түстің, сыртқы түрінің, құрылымының, сонымен қатар дыбыстың (мысалы, чипсидің қытыры) жиынтығы негізінде анықталады. Бұл органолептикалық қасиеттер тағам өнімдерінің физикалық қасиеттері мен химиялық құрамын анықтайды.

Балауса өнімді жинағаннан кейін немесе оны өңдегеннен кейін оның бұзылу үдерісі басталады, бұл оның органолептикалық қасиеттеріне теріс ықпал етеді. Өнімді қайтадан өңдеу және/немесе оны қораптау тағам өнімдерін сақтау мерзімін ұзарту мақсатында бұзылу үдерісін болдырмауға, алдын алуға немесе баяулатуға бағытталған. Мысалы, жаңа ғана жиналған асбұршақ 12 сағаттың ішінде бұзылады, ал консервіленген асбұршақты бөлме температурасында 2 жыл сақтауға болады.

Тағам өнімдерін сақтау мерзімін өнімді жинағаннан немесе өңдегеннен және қораптағаннан бастап берілген өнімді тағам ретінде пайдалану үшін жарамсыз болғанға дейінгі уақыт аралығымен анықтайды. Жеуге жарамсыздық, әдетте, органолептикалық қасиеттердің нашарлауы бойынша айқын көрінеді, мысалы, бактериалдық бұзылу нәтижесі болып табылатын шіріген иістің немесе қышқыл дәмнің шығуы. Өнімді нақты сақтау мерзімі бұзылу үдерісінің шапшаңдығына байланысты болады. [3]

Тағам өнімдеріне қатысты Еуропа заңдылықтарын келесі үш негізгі топқа бөлуге болады:

Тағам өнімдерінің қауіпсіздігіне қатысты заңнама, бұл тағам өнімдерінің гигиенасы, тағамдық қоспалар, тағам өнімдерімен жанасатын материалдар, тағам өнімдерінің жаңа түрлері, сонымен қатар бақылау жүйесі салаларына қолданылады. Мұндай заңнамалардың көбі горизонталды сипатта болады. Бұл талаптардың өнімдер мен үдерістер түрлерінің кең диапазонына белгіленетінін білдіреді. Сонымен қоса, бұл заңнама тағам өнімдеріне ғана тән (яғни, вертикалды әрекет ететін) бірнеше ережелерді қамтиды.

Заңдардың екінші тобы негізінен этикеткаларда бейнеленетін, тұтынушыларға арналған ақпараттарға жатады.

Сапаға қойылатын талаптарды белгілейтін заңдардың үшінші тобы сапаны қорғауға бағытталған және вертикалды нұсқауларды, яғни сүт өнімдеріне, диеталық өнімдерге және жекелеген аймақтарда өндірілетін арнайы өнімдерге қатысты нұсқауларды қамтиды.

Еуропа елдері нұсқауларының орындалуын бақылауды әрбір мүше елдерге өз бетінше жүзеге асыру жауапкершілігі жүктелген. Нұсқаулар сонымен қатар бақылаудың жалпы ұстамдарын, үлгілерді іріктеуді және тағам өнімдерін тексеруді белгілейді. Мүше елдер Еуропа елдерінің комиссиясына бақылау бойынша өздерінің іс-қызметі туралы тек қана ақпарат беріп отыруға міндетті. Тағам өнімдері саласындағы Еуропа саясатына тағам өнімдерін бақылау жауапкершілігін жүктеу тенденциясы тән. Бұл үшін тағам өнімдерінің қауіпсіздігіне қатысты әлеуетті қауіптерді теңдестіруге және бақылауға мүмкіндік беретін ескерту жүйесі әзірленген және енгізілген. Жүйе мәліметтері тағам өнімдерінің өндіріс барысындағы қауіпсіздігін бақылауға қарағанда ескертуші бақылауға бағытталған. Осының салдарынан ұлттық органдардың функциялары тиісті жүйелердің қолданылуын ендіру және бақылау фактілерін тексеруге негізделген.

Соңғы бес жылда пайда болған ауыл шаруашылығы өнімдерін әзірлеу тізбегіндегі мәселелердің көптігі салдарынан заңнамаға қосымша ретінде тағам өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша бірнеше бастама ұсынылған болатын.

Алдағы уақытта тұтынушылар мен жабдықтаушылардың жан жақты ықпалдастығы пайда болады. Құндылықтарды жасаудың дәстүрлі тізбегі көптеген жағдайларда құндылықтарды жасау желісіне айналады, мұнда тұтынушы мен жабдықтаушы арасындағы осы уақытқа дейінгі нақты шекара белгісіз болып қалыптасады. Бизнес жан жақты білімге ие болады. Мұндай жағдайда мүдделі жақтар арасында жоғары дәрежелі сенім талап етіледі.

Қоғамның тағам өнімдерінің қауіпсіздігі туралы хабардарлығының өсуі тағам өнімдерін қауіпсіз және гигиеналық қайта өңдеуді талап етеді. Гигиеналық ұстамдарды пайдалану қондырғыларды микроорганизмдермен немесе тазалағыш және инфекцияларды жоятын химиялық құралдармен ластанудың алдын алатындай етіп жобалауды қарастырады. Нақты өмірде, егер ауыл шаруашылығы мен тағам өнеркәсібінің өңдеуші қондырғысының гигиеналық қатысы жағынан конструкциясы нашар болса, онда ол үшін тазалаудың неғұрлым қиын поцедурасы талап етіледі.

Гигиеналық ұстамдар негізінде жобалаудың құқықтық аспектілері әр түрлі деңгейлерде әрекет ететін, яғни халықаралық, еуропалық және ұлттық деңгейлердегі заңдарға енгізілген.

Халықаралық деңгейде Халықаралық сауда ұйымы тағам өнімдерінің гигиенасына қатысты ұйғарымды әзірлеуге жауап береді. Халықаралық сауда ұйымының мүшелері толтырған санитария және фитосанитария туралы келісім адамдар мен жануарларды тағам өнімдерін тұтынумен байланысты аурулардан қорғауға қатысты шаралардың кең диапазонын қамтиды.

Еуропалық деңгейде машина жасауға қатысты нұсқау әрекет етеді, оның талаптарына барлық жаңа қондырғылар сәйкес келуі тиіс. Бұл нұсқау тұтынушылық бағыттағы қондырғылардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптарды белгілейді және ауыл шаруашылығы мен тағам өнеркәсібінің қондырғыларына қойылатын гигиеналық талаптар туралы бөлімді қамтиды. Бұл бөлімде сонымен қатар қауіпсіз және гигиеналық өнімдер өндірісіне қойылатын талаптар қарастырылған.

Еуропа елдеріне мүше елдерде ұлттық заңнамаға гигиеналық ұстамдар негізінде жобалауға қатысты нұсқаулар енгізілуі тиіс.

Сонымен қоса, стандарттау бойынша бірнеше халықаралық және ұлттық ұйымдар, мысалы, ИСО (стандарттау бойынша халықаралық ұйым), CEH (стандарттау бойынша еуропалық комитет), NIN (Нидерланд стандарттау институты) және DIN (Неміс стандарттау институты) тағам өнеркәсібі үшін гигиеналық қондырғыларды жобалау стандарттарын әзірледі [4].

Сапаны қамтамасыз ету мақсаты сапаға қойылатын талаптардың, мысалы, өнімнің қауіпсіздігі, сенімділігі, жарамдылығы және т.с.с. сапа жүйесімен қамтамасыз етілетіндігіне кепілдік беру болып табылады. Басқа жағынан алып қарағанда, сапаны қамтамасыз ету тапсырыс берушілер мен тұтынушылардың сапаға қойылатын талаптардың қанағаттандырылатындығына қатысты сенімдерін тудыруы тиіс. Анықтама бойынша, сапа жүйесі сапа менеджментін жүзеге асыруды жеңілдететін ұйымдық құрылым, жауапкершілік, үдерістер, процедуралар мен ресурстар кешенін білдіреді. Тағам өнеркәсібі үшін сапаны қамтамасыз ету жүйесінің бірнеше типтері мен сапаға белгіленген талаптарды қанағаттандыруға мүмкіндік беретін, кәсіпорынның сапа жүйесін әзірлеу үшін ұсыныстар түрінде пайдалануға болатын нормативтер әзірленді. Тұтынушылар сатып алу кезінде өздерінің таңдауларын жасау үшін тағам өнімдерінің сапасы мен оның құраушылары туралы анық және түсінікті түрде ұсынылған ақпарат алуға құқылы. Ережелерге сәйкес тағам өнімдерін этикеткалауға қатысты ұсыныстарды жүзеге асыру қарастырылады. Дұрыс тамақтану ережесінің маңыздылығын және оның денсаулыққа әсерін тұтынушыларға жеткізу қажет. Сонымен қатар тұрғындардың белгілі бір тобы нақты тағам өнімін тұтынған кезде ұшырайтын тәуекелдер мен тағам өнімдерінің қауіпсіздігімен байланысты пайда болған қауіптер туралы ақпараттандырған дұрыс [5].

Сонымен бірге, ұлттық және халықаралық деңгейлерде сапаны жоғарылату мен тағам өнімдерінің қауіпсіздігі бойынша басқа да шаралар қабылданды.

Тағам өнімдерінде химиялық заттардың болуымен байланысты тәуекелді анықтау үшін тәуекелді сандық бағалауды көптен бері кеңінен қолданады, ал тағам өнімдерінде микробтардың болуымен байланысты туекелді анықтаудың тәжірибесі әлі күнге дейін көп емес. Тағам өнімдерінің микробиологиялық қауіпсіздігін анықтайтын кейбір сипаттамалар химиялық қасиеттермен байланысты сипаттамалардан едәуір ерекшеленеді. Мысалы: тағам өнімдерінде микробтардың болуымен байланысты тәуекел көбінесе бір реттік әсер етеді, ал тағам өнімдерінде химиялық заттардың болуымен байланысты тәуекел ұзақ уақыт бойы әсер етеді.

Инфекциялық патогенді микроорганизмдерге адамдардың реакциясының олардың химиялық заттарға деген реакциясынан ерекшелігі тұрғындардың әр түрлі топтары үшін әр түрлі және иммундық жүйеге байланысты болады.

Микроорганизмдер химиялық заттарға қарағанда динамикалық болады және жаңа ортаға, мысалы, антибиотиктерге немесе жүрекке арналған дәрілерге бейімделуі мүмкін. Осылайша, микроорганизмдермен байланысты тәуекел уақыт өтуіне орай өзгеруі мүмкін.

Бірақ та химиялық ластаушы заттардың болуы әдетте азаймайды, сонымен қатар олар өңдеудің қандай да бір кезеңдерінде жойылып кетпейді. Осыған байланысты тағам өнімдерінде химиялық заттардың болуымен байланысты тәуекелді ауыл шаруашылығы шикізатынан тағам өнімдерін әзірлеу тізбегінде барынша ертерек анықтаған жөн.

Қазіргі уақытта азық-түлік өнеркәсібі нарықтың қоятын және экологиямен байланысты талаптардың кең диапазонын қанағаттандыруы тиіс. Талаптар тек қана өнім сапасына, оның құнына және қол жетімділігіне ғана емес, сонымен бірге қызмет көрсету икемділігіне және бизнестің сенімділігіне қойылады. Нақты өмірде ауыл шаруашылығы және азық-түлік өнеркәсібі компанияларына мына барлық талаптарды қанағаттандыру өте қиын болады.

Саясат бағыттарын қарастырған кезде азық-түлік өнеркәсібінде өнім өндірісі үдерісіне бағытталудың басым екендігі анықталады. Себебі, азық-түлік өнеркәсібі үшін өнім мен технологияға бағытталу тән, ал қызметкерлердің көбінің техникалық және/немесе технологиялық білімі бар. Өнім мен технологияға бағытталудан кейінгі келесі орынды процедураға бағытталу алады. Бұл бағыт та азық-түлік өнеркәсібінде кеңінен қабылданған, себебі процедуралар технологиялық үдерістердің орындалуын қамтамасыз ететін күшті әсер еткіш құрал болып табылады. Персоналға бағытталу азық-түлік өнеркәсібі кәсіпорындарында жұмсақ және материалдық емес тәсіл болып қарастырылатындықтан сирек кездеседі.

В декабре 2007 года АО «Казпочта» был вручен международный сертификат качества на соответствие требованиям МС ИСО 9001:2000. Данный сертификат – свидетельство того, что система управления компанией соответствует международным стандартам менеджмента качества. Обладание таким сертификатом накладывает особую ответственность на компанию, всех ее сотрудников. Получив международный сертификат, и публично заявив свою приверженность качеству, АО «Казпочта» ежедневной работой будет подтверждать, что оказание качественных услуг, соответствующих международному уровню, действительно является приоритетной задачей компании на всех уровнях управления и в производственных подразделениях, а повышение удовлетворенности потребителей – целью и результатом работы. Приобретение статуса солидной компании позволило казахстанскому почтовому оператору значительно повысить собственный авторитет на международной арене. АО «Казпочта» удалось достойно войти в мировое почтовое сообщество, наладить взаимовыгодное сотрудничество с ведущими почтовыми администрациями мира. Так, в июне 2006 года была проведена встреча с Почтой Германии и представителями авиакомпании «Люфтганза» по вопросам улучшения сохранности международной почты, увеличению объемов перевозки. Заключены соглашения о нормативах качества международной почтовой службы с Украиной, Таджикистаном и Кыргызстаном. В сентябре прошли переговоры по вопросам двустороннего сотрудничества и взаимодействия с Китаем, состоялось подписание меморандумов и договоров о сотрудничестве с почтовыми администрациями Монголии, Словакии, Кореи. Ведутся активные переговоры с почтой Финляндии и почтовой администрацией Канады по обмену опытом в области развития почтовой сети, почтовых, финансовых и агентских услуг, информационной логистики.

АО «Казпочта» принимает участие в проверках фактических сроков прохождения почтовых отправлений, проводимых Международным бюро ВПС, на основе двусторонних соглашений с Украиной, Таджикистаном и Кыргызстаном. В настоящее время ведется работа по заключению соглашения о нормативах качества с Россией. Достигнута договоренность и проводилась контрольная проверка сроков прохождения авиа- письменной корреспонденции в рамках постоянного контроля МБ ВПС с почтовой администрацией Венгрии в период с 1 мая по 30 ноября 2006 года. Представители Общества принимали участие в сессии Совета почтовой эксплуатации Всемирного почтового союза, проводимой в г. Берне (Швейцария), пленарном заседании PostEurope (региональный союз ВПС, г. Киев, Украина) и в заседаниях комиссий Регионального содружества в области связи. АО «Казпочта» также является единственным в СНГ оператором, имеющим свои представительства в России и Германии.

Таким образом, можно отметить, что стратегическими направлениями развития АО «Казпочта» определены следующие:

1. Расширение профильного бизнеса «Почтовые услуги».
2. Усиление логистических функции и подготовка к выходу на внешний рынок.
3. Становление полноценного банковского бизнеса.
4. Повышение операционной эффективности АО «Казпочта».
5. Развитие IT потенциала АО «Казпочта».
6. Развитие брэнда надежности и качества.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Андрюшенко В.И., Книга акционера для чтения и принятия решений.
2. Закон РК «О почте» от 8 февраля 2003 года № 386-II (с изменениями и дополнениями по состоянию на 30.06.2010 г.)
3. Закон РК «Об акционерных обществах» от 13 мая 2003 года № 415-II
4. press@kazpost.kz

ӘОЖ: 338.43:336.717.061

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН НЕСИЕЛЕУ ЖҮЙЕСІ

А. А. Жайтлеуова, Ж. Б. Кенжин, аға оқытушылар

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан агралық-техникалық университеті, Орал қаласы

Мақалада агроөнеркәсіп саласын дамытуда несиелендірудің механизмі қарастырылған. Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын несиелеу арқылы мемлекеттің мақсатты даму бағдарламалары агроөнеркәсіпті қолдау көрсету керектігі туралы қарастырылған.

Mechanism of lending and development of agricultural complex are considered in the article. And also, the need to support agriculture in the target program of development of the state, with the help of agricultural enterprises lending.

Агроөнеркәсіптік өндірісті қаржымен қамтамасыз етуде несиелік механизмнің орны бөлек екені мәлім. Соған қарамастан, осы күнге дейін экономиканың аграрлық секторындағы қаржы-экономикалық қатынас жүйесінде ауыл шаруашылығын несиелеу өзектілігін жоймай келеді. Ол ғылыми-әдістемелік тұрғыда негіздеуді және оны ұйымдастыру жөніндегі ұсыныстарды қарастыруды талап етеді.

Ауылға көңіл бөлу және оның жағдайын жақсарту – мемлекеттік мәні зор іс. Кез келген экономикалық реформаның түпкі мақсаты – халықтың әл-ауқатын арттыру. Еліміздің тәуелсіздігі жарияланғалы бері экономикамызда едәуір құрылымдық өзгерістер болды. Орталықтандырылған жоспарлы экономикадан бас тартқаннан кейін түпкілікті қайта құруларға бағытталған шаралар кешені жүзеге асырылды. Солардың нәтижесінде мемлекеттік меншік жеке меншік болып өзгертілді, сондай-ақ нарықтық экономиканың құқықтық негізі қаланды. Бәрімізге белгілі, нарықтық экономика ұғымы өндірістік және жер қатынастарын өзгертуді, баға белгілеу мен кредит жүйесін ырықтандыруды, бәсекеге қабілетті нарықтық инфрақұрылым құруды қамтиды. Ауыл шаруашылығы өндірісін одан әрі дамыту аграрлық сектордың даму стратегиясын тұжырымдамалық тұрғыдан белгілеуді талап етті [1].

Десек те, ауылдың айналасындағы түйткілдер әлі де жеткілікті. Соның бірі әрі бірегейі – аграрлық секторды қаржыландыру мәселесі. Бүгінгі күні ауыл халқын шағын несиелендіру шағын және орта кәсіпкерліктің көкейкесті мәселелерін шешудің және мемлекеттің дағдарысқа қарсы саясатының ең қажетті және тиімді тетіктерінің бірі болуына байланысты еліміздің экономикасында зор маңызға ие болып отыр. Шағын несиелендіру аз мөлшерде қаржыландырудың негізгі элементі ретінде дәстүрлі банктік қарыздар алуға шамасы келмейтін өте кедей «ұсақ кәсіпкерлерге» несие берумен ерекшеленеді. Ауылда халықтың 47 пайызы өмір сүреді десек, олардың 18 пайызының табысы өмір сүру деңгейінен төмен екен. Ауыл халқының кедей болуының негізгі себебі үй шаруашылығының өнімділігі мен табыстылығын арттыру үшін қаражат табу мүмкіндігінің шектеулі болуы.

Халықтың кәсіпкерлігін дамытуды қолдаудың біртұтас мемлекеттік жүйесіндегі тиімді құрал ретінде Ауыл шаруашылығы министрлігі тарапынан «Ауыл халқын шағын несиелендіру жүйесін ұйымдастыру» бюджеттік бағдарламасы дайындалды. Бағдарламаны жүзеге асырумен

2005 жылдан бастап «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ айналысады, бұл – акцияларының 100 пайызы мемлекет иелігіндегі қаржылық институт. Бюджеттік бағдарламаның әлеуметтік бағытын ескере отырып, шағын несиелер халықтың нысаналы топтарына: табысы өмір сүру деңгейінен төмен және табысы орташа үй шаруашылықтарына беріледі [2].

Ауыл шаруашылығы министрлігінің мәліметі бойынша, 2005 жылдан 2011 жылғы 1 қыркүйекке дейін қордың филиалдары және қордың қатысуымен құрылған ШНҰ арқылы 23,0 млрд. теңге сомасында 73,8 мың шағын несиелер берілді. Бұл табысы орташа және орташадан төмен үй шаруашылықтарының 4,5 пайызын қамтуға және 51,0 мыңға жуық жұмыс орнын ашуға мүмкіндік берді. Дегенмен де, ауылдағы кәсіпкердің жұмысын жандандыру мақсатымен беруге тиісті несиелердің қызығын бүгінгі күні тек саудагерлер көруде. Біз бүгінде тауар өндірушілерге емес, тауар сатушыға жағдай жасап отырмыз. Бөлінген қаржыны тауар өндірушіге беруді қамтамасыз ету қажет.

Ауыл шаруашылығын жандандыру шараларының бірі ретінде Қазақстанның индустрияландыру картасының жалпы құны 139,1 млрд. теңгені құрайтын, 7,0 мыңнан аса жұмыс орнын ашатын агроөнеркәсіптік кешен саласының 140 инвестициялық жобасы іске асырылып жатқанын атап өткен жөн. Белгіленген жобалардан республикалық индустрияландыру картасына – 32 жоба және аймақтық индустрияландыру карталарына 108 жоба бөлінеді. Аталған жобалар «ҚазАгро «ҰБХ» АҚ еншілес акционерлік қоғамдарының қаржысы, жоба бастаушыларының жеке қаржысы, екінші деңгейлі банктердің несиелері және заңнамамен рұқсат етілген көздер есебінен қаржыландырылады. Ауыл шаруашылығы министрлігінің берген ақпаратына сүйенсек, мал шаруашылығында құны 60,7 млрд. теңгені құрайтын 46 жоба, қайта өңдеу саласында құны 42,5 млрд. теңге болатын 58 жоба, өсімдік шаруашылығында құны 22,8 млрд. теңгелік 32 жоба, балық шаруашылығында 0,7 млрд. теңгенің 3 жобасы, су шаруашылығында 2,5 млрд. теңгенің 1 жобасы жүзеге асырылуда.

Азаматтардың денсаулық жағдайын жақсарту және ауыл тұрғындарын ауыз сумен қажетті мөлшерде және кепілді қамтамасыз ету мақсатында ел Үкіметінің 2002 жылғы 23 қаңтардағы №93 қаулысымен 2002 – 2010 жылдарға арналған «Ауыз су» бағдарламасы бекітіліп, жүзеге асырылды. Аталған әлеуметтік мәселені түбегейлі шешу үшін Үкімет 2011 – 2020 жылдарға арналған «Ақ бұлақ» бағдарламасын қабылдады. Бағдарламада 2020 жылға қарай орталықтандырылған сумен ауылдық елді мекендердің 80 пайызын, қалаларда 100 пайызын қамтамасыз ету көзделіп отыр.

Алайда, еліміздің агроөнеркәсіптік кешенінде әлі де болса, бірқатар кемшіліктер бар, олар – саланы құрылымдық-технологиялық жаңғырту қарқынының төмен болуы, нарықтық инфрақұрылымның жеткіліксіз дамуы, ауыл шаруашылығы өндірісінің ұсақ тауар болып келуі, саланың қаржылық тұрақсыздығы, саланы дамытуға тартылатын жеке инвестициялардың жеткіліксіздігі, білікті кадрлардың тапшылығы. Сонымен қатар, саланың инвестициялық қызметіне әсер еткен қаржы, ал одан кейін азық-түлік дағдарысы қосымша проблемалар тудырды. Бүгінгі күні алдымызда үлкен жауапты міндет тұр, ол – экономиканың аграрлық секторын сапалы да жаңа даму деңгейіне көтеру, сол арқылы оның бәсекеге қабілеттілігінің жоғары болуын қамтамасыз ету. Бұл, әсіресе, Ресей, Беларусь елдерімен кедендік бірігу жағдайында, ал кейіннен Бүкіләлемдік сауда ұйымына кіру кезінде өзекті болып табылады [3].

Аграрлық бизнестің шағын субъектілерін кең көлемде қамту және ресурстық базаны кеңейту үшін банк жүйесінің немесе басқа да ортадағы делдалдық ұйымдардың (микронесие берушілер, несиелік серіктестіктер, т.б.) ауылдық несие кооперативтерімен бірлесе әрекет етуі қажет деп ойлаймын. Бұл кооператив пайшыларының жәрдем беру жауапкершілігі негізінде несиеге берілетін қаражатқа шағын және орта кәсіпкерлік пен қосалқы шаруашылық субъектілерінің қолын жеткізуге жол ашады. Яғни жеке-жеке несие алуға мүмкіндігі жоқ шағын кәсіпкер өзі секілді өзгелермен бірлесіп, қолдарындағы дүниесін қосып, кепілдікке қойып, несие алады да, алынған несиені әркім өз қосқан үлесіне байланысты бөлісетін болады. Яғни бұлар кооператив пайшылары болып есептеліп, бірлесе әрекет ету арқылы қолы қысқа өнім өндірушілердің несиеге қаржы алуына жол ашады.

Несие кооперативтерін басқарудың демократиялық формасы, кооператив мүшелерінің жұмысы нәтижесі үшін бір-біріне жәрдем беру жауапкершілігін жете сезінуі ауыл шаруашылығы өндірісін тұрақтандыру және меншіктің барлық түріндегі ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерінің қаржы жағдайын жақсартудың негізгі факторының бірі болып табылады.

Ал бүгінгі орын алып отырған банк несиелеріне қол жеткізудің күрделілігі жағдайында ауыл шаруашылығы өндірісінің кең көлемде дамуы теориялық жағынан да, практикалық тұрғыда да мүмкін емес. Менің ойымша, жалпы, несие беруде қазіргі таңдалып алынған схема ауыл шаруашылығын дамыту операцияларын жүргізудің заманауи талаптарына жауап бере алмайды. Бұл схема, әсіресе, дәл бүгінгі таңда отандық ауыл шаруашылығы, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев қойған мәселе бойынша, Шығыс Еуропа елдерінің деңгейіне жетуге ұмтылуға бет бұрған кезде өзін ақтамайды. Шығыс Еуропа елдерінің ауыл шаруашылығын реформалау кезіндегі тәжірибесін еске алудың өзі жетіп жатыр. Шығыс Еуропаның бұрынғы социалистік елдерінен айырмашылығымыз, бізде күні бүгінге дейін республика аграрлық секторын мемлекеттік реттеудің күшті және белсенді саясаты қажет екендігін ҚР Үкіметі түсінбей келеді. Ауыл шаруашылығы халықаралық қаржы құрылымдарының айтуымен мемлекеттің монетарлық саясатының нысаны күйінде қалып отыр. Осылай отандық ауыл шаруашылығының несие және инвестиция тартуға тартымдылығын қамтамасыз ету бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналуда. Бұл проблеманы шешуді мемлекеттің белсенді түрде араласуынсыз бірде-бір ел шеше алмаған. Мемлекеттің аграрлық секторға несие-қаржы механизмі арқылы қолдау көрсетуге ұмтылысында жүйелілік сипаттың жоқ болып тұрғаны да сол себепті. Өйткені оның көптеген элементтері заң жүзінде бекітілмеген, сондықтан да тауар өндірушілер үшін ол болашақтың айқын бағдары бола алмайды.. Сонымен қатар қолдау шаралары мемлекеттік реттеудің басқа формаларынан тыс та (мысалы, монополияға қарсы) қолданылады. Оларды қолдану нәтижесінің негізгі пайдасы көбіне ауыл емес, сонымен аралас монополияландырылған салаларға (минералдық тыңайтқыштарға дотация, тауарлық несие, т.б.) тиіп жатады. Яғни тиімсіз болып отырған қолдау көрсету формасының өзі емес, оны басқа да проблемалар шешімін таппай тұрған жағдайда жүзеге асыру әдісі. Бұдан келіп шығатын түйін – Қазақстан Республикасында бірінші кезекте «Аграрлық секторды мемлекеттік реттеу туралы» Заң қабылдау керек.

Әлемнің дамыған мемлекеттерінде халықты азық-түлікпен толыққанды қамтамасыз ету және фермерлердің табысты болуына қолдау көрсету мәселелерін шешу мақсатында олардың үкіметі ауыл шаруашылығының тиімділігін арттыруға жәрдем бере отырып, жанды көмек көрсетеді. Еуропалық Одаққа біріккен Батыс Еуропа елдерінде ауыл шаруашылығына қауымдастық бюджетінің 65% жұмсалып, оны басқару ауыл шаруашылығының өнімділігін көбейтуге, рыноктарды тұрақтандыруға бағытталып, орталықтандырылған.

Енді статистикалық көрсеткіштерге сүйенсек, экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының мәліметтері бойынша, фермерлер табысындағы мемлекеттік көмек үлесі Австралияда – 15, АҚШ-та – 30, Канадада – 45, Австрияда – 52, Швецияда – 59, Жапонияда – 66, Финляндияда – 71, Норвегияда – 77, Швейцарияда – 80 пайыз екен. Ал Қазақстанда ауыл шаруашылығына жұмсалған мемлекет бюджетінің шығыны 2008 жылы 28 770 миллион теңгені құрапты. Немесе ол жалпы ауыл шаруашылығы өнімінде 5,1 пайызды құраған. Агроөнеркәсіп секторының нарықтық қатынастарға өтуі институттық ұйымдар құруды қажет етеді. Институттық ұйымдардың дамуы мен өркендеуі әр елде әр түрлі болғанымен, оның ауыл шаруашылығын қаржыландыру-несие беруде мемлекеттік реттеуді құрылымдауы, қызмет көрсетуі және басты бағыттары бірдей. Олардың жұмыстарының негізгі бағыттары – агроөнеркәсіптік секторын қаржыландыру-несие беру жүйесі, ішкі ауыл шаруашылығы рыногын, ауыл шаруашылығындағы өндірістік-құрылымдық қайта құрылуды реттеу.

Ауыл шаруашылығын және оған қызмет көрсету саласын дамыту проблемасын шешу үшін әлемдік тәжірибе мен Қазақстанның ауыл шаруашылығы өндірісінің даму ерекшеліктерін назарға ала отырып, мемлекеттік реттеу және өзін-өзі реттеу, ынталандыру негізінде несие-қаржы механизмін құрған жөн. Республикалық бюджеттің ғана емес, экономиканың тұтастай балансына бағытталған қаржы тұжырымдамасын жасап, жүзеге асыратын да уақыт жетті. Ауыл шаруашылығы ел экономикасы жүйесінде қарастырылуы тиіс. Агроөнеркәсіп кешені экономиканың барлық саласы тоғысатын алып жүйе. Еліміз азаматтарының қауіпсіздігі де, жақсы тұрмыс кешуі де ауыл шаруашылығының дамуына байланысты. Сондықтан да «Ауыл шаруашылығын 2006-2016 жж. дамыту туралы» Заңды жасау да уақыттың талабына сай келіп тұрған секілді. Ол заң бір жағынан, рыноктың жетілмей жатқан тұсын, екінші жағынан, ауыл шаруашылығын мемлекеттік реттеудің жетілмей жатқан жағын өтеп, сонысымен ел экономикасындағы аграрлық секторды қаржыландыру және басқарудың тиімділігін қамтамасыз етер еді. Кейбір ресми тұлғалар экономиканың аграрлық секторы үшін, тіпті көктемгі-күзгі дала жұмыстарын несиелеу схемасына енбеген, несие серіктестіктері мен шағын

несие беру ұйымдарын дамыту жеткілікті деп есептейді. Менім ше, бұл ауыл шаруашылығын кемсітетін жаңсақ пікір. Алдымен несие серіктестігі дегеніміздің банк мекемесі емес екендігін естен шығармау керек [4].

Жоғарыдағы қозғалған әңгіменің бәрі де елімізге арнаулы мамандандырылған ауыл шаруашылығы банкінің қажеттігін тағы да бір рет дәлелдейді ғой деп ойлаймын. Бүгінгі банк жүйесімен (жоғары табысты салаға есептелген) ауылдың экономикалық және әлеуметтік даму мәселелерін шешу мүмкін емес. Мысалы, елімізде тұрғын үй проблемасын шешу үшін Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі, Қазақстан ипотекалық компаниясы және Ипотекалық займдарға кепілдік беру қоры құрылды емес пе? Республика тұрғындарының 43 пайызын ауылдықтар құраса, олардың өмірін жақсарту ел үкіметі үшін жауапты міндет. Ал Ауыл шаруашылығы министрлігінің жекелеген басшыларының «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ, «Азық-түлік келісімшарт корпорациясы» АҚ және «Қазагроқаржы» АҚ-тарды құру ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілердің қаржы сұранысының барлық проблемаларын шешеді деп ойлауы қате пікір. Өйткені, мұның бәрі республика ауыл шаруашылығы үшін ақша ресурсын тарту емес, тек бюджет ақшасын бөлумен айналысуда. Сонымен, талдау жасай отырып көзіміз жеткені, үкіметтің қаржы-несие саясаты, алдымен мемлекеттік реттеу саясаты қайта қарауды талап етеді [4].

Енді Елбасының нұсқауы бойынша елімізде ауыл шаруашылығында мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі “Агрохолдинг” компанияның құрылғандығы жайлы айтып кетуді жөн көріп отырмын. Осы құрылған Ұлттық компания жұмысының тиімділігі алдымен мемлекеттегі мемлекеттік ақша-несие саясаты құралдарына тікелей байланысты болатыны белгілі. Атап айтқанда, ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігін арттыруды ынталандыруға бағытталған қаржыландыру және несиелеуге. Өйтпеген күнде бұл құрылымдық қайта құру Ауыл шаруашылығы министрлігі мен құрылатын “Агрохолдинг” арасындағы өкілеттіліктер мен жауапкершіліктерді қарапайым ғана бөлісу болып шығады. Сондықтан менің ойымша, мемлекеттік компанияны (Агрохолдинг) құрумен қатар және оның жұмысының тиімділігін арттыру үшін ауылға арналған барлық ақша ағыны шоғырланатын Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы банкін құру мәселесін де қарастырған жөн. ***Қазіргі ауыл шаруашылығын несиелеудің басты кемшіліктері:***

1. Қолданыстағы коммерциялық несиелеу жүйесі жоғары айналымды капиталға қатысты салалардағы табыстылыққа бағытталған. Оның пайыздық ставкалары және талабы ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілерге несие ресурстары рыногына тең дәрежеде қатысуға мүмкіндік бермейді.

2. Ауыл шаруашылығы үшін несие ресурстарын тарту проблемасы шешімін таппаған күйінде қалуда. Қазіргі кезде Ауыл шаруашылығы министрлігі төңірегінде құрылған барлық қаржы институттары қаржы ресурстарын тартумен емес, ауылды дамытуға бөлінген бюджеттік қаражатты қайта бөлумен айналысып отыр. Қаражат тартпай нарықтық жағдайда ауылда жұмыс істеу дегеніміз ақылға сыймайды және тиімсіз. Дамыған экономикасы бар барлық мемлекеттерде ауыл шаруашылығы өндірісін нарықтық жағдайдағы ерекшелігін есепке ала отырып құрылған ауыл шаруашылығы несиесінің мамандандырылған жүйесі бар. Біздің республикамызда осындай қаржы институтының жоқтығынан ауыл шаруашылығын дамытуға бөлінген орасан бюджеттік қаражат жыл сайын белгілі бір уақытқа дейін жекелеген коммерциялық банктердің айналымында жүреді. Бұл бөлінген бюджеттік қаражат пен оны мақсатты пайдалану алдындағы жауапкершілікті мойындамауға жайлы ахуал тудырады.

3. Қолданыстағы ауыл шаруашылығын несиелеудің жүйелі сипаты жоқ. Ең алдымен ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер үшін көктемгі егіс және оны жинау жұмыстарына несие беру жобасы жыл сайын өзгертулерге ұшырайды. Нәтижесінде ауылды несиелеу механизмін жүзеге асыру үшін ғылыми негізделген нормативтік және әдістемелік база жоқ болып тұр. Және бұл болашақта бюджет қаражатының қайтарымына өзінің жағымсыз ықпалын тигізбей қоймайтын болады. Солай, ауыл шаруашылығындағы қаржы саясаты реформа басталғалы бері ауыл шаруашылығын тұрақты дамытуға еш мүмкіндік бермейтін, тек «жыртықты жамау» саясаты болып келеді.

4. Елімізде ауыл шаруашылығы жерлерінің ипотека механизмі (кепілдік) жоқтың қасы. Жерді кепілдікке алып, берілетін жер-ипотекалық несиесі ауыл шаруашылығының ірі ұйымдарымен қоса, шағын және орта агробизнесті де дамыту және оларға қолдау көрсету үшін ауылға бюджеттен тыс қосымша қаржы ресурстарын тарту мен құрудың маңызды қаржы механизмі болып табылады. Сонымен бірге, басқа механизмдерді қолдану заңдық тұрғыда

мүмкін болмаған және экономикалық жағынан тиімсіз болған жағдай да ипотека жерді қайта бөлу мен айналымның қосымша, әрі жеткілікті түрде тиімді құралы болып табылады. Жер реформасының негізгі идеясы ауыл шаруашылығы жерлерін рыноктық айналымға ендіру болғанына қарамастан бұл мәселені қазіргі қаржы институттары шеше алмайды [5].

Тағы да бір айта кететін жайт, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және аграрлық секторды тұрақты дамыту бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі мемлекеттің стратегиялық қызметін жеңілдететін банк керек.

Банктің міндеті – ауыл шаруашылығы өндірісін дамыту саласында мемлекеттің несие-ақша саясатын жүргізуге қатысу.

- Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын несиелеу арқылы мемлекеттің мақсатты даму бағдарламалары мен экономиканың агроөнеркәсіп секторына қолдау көрсетуін жүзеге асыруға қатысу.

- Ауыл шаруашылығына қолдау көрсету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен құрылған агроөнеркәсіп кешендерін, лизингтік және басқа да институттарын жеңілдікпен несиелеуге қызмет көрсету.

- Ауыл шаруашылығы тәуекелдігін сақтандырумен қамтамасыз ету бойынша қаржылай қолдау көрсету.

- Агроөнеркәсіп кешеніне инвестиция тартуды банк кепілдігімен ұйымдастыру.

- Жерді мелиорациялау, жерді пайдалануды қорғау, ауылды минералдық тыңайтқыштармен, өсімдікті химиялық заттармен қорғаумен қамтамасыз ету, құс, мал шаруашылығын және ауыл шаруашылығының басқа да салаларын көтеру.

Өндірісті отандық ауыл шаруашылығы техникасымен қамтамасыз ету, оны сатып алуды ұйымдастыруда және елдің ауыл шаруашылығы өндірісшілері үшін лизингті қаржылай қамтамасыз ету.

- Жерге байланысты кепілдік операцияларды жүзеге асыру және жерді сатып алу және сату, соның қатарында ипотекалық операциялар келісімдерін қаржыландыру.

- Ауылдың инфрақұрылымын дамыту жөніндегі операцияларды қаржыландыру.

- Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын қаржыландыруға қатысу.

Несие кооперативтері мен серіктестіктерін құру және дамыту шараларын жүзеге асыру

- Республикалық деңгейдегі ауыл шаруашылығы шеңберіндегі, сонымен қатар ТМД елдері арасында клиринг және өзара есепті ұйымдастыру.

- ТМД елдерінің ортақ аграрлық рыногын құруға бағытталған мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыруға қатысу.

- Банк лицензиясымен қарастырылған басқа да операцияларды жүзеге асыру.

Банктің стратегиялық мақсаты – мемлекеттік несие және бюджеттік қаражаттарды, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының өз ақша ресурстарын отандық ауыл шаруашылығын дамытуға пайдалану үшін аккумуляциялау болып табылады. Бүгінгі күні қажетті игіліктер мен ауыл кедейшілігінің екі ортасын терең жар бөліп тұр деуге болады. Бірақ адам санасы осы екі ортаға аспалы көпір орнатуға қабілетті. Сол көпір – банк несиесі, ол әр ауыл адамының қолы жететіндей болуы керек.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. ҚР Президентінің 2009 жылғы 6 наурыздағы «Дағдарыстан жаңару мен дамуға» атты Қазақстан халқына Жолдауы;

2. Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 28 қаңтардағы «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» Жолдауы аясында мемлекеттік саясаттың басым бағыттары.

3. «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы «13» сәуір № 301 қаулысымен бекітілген

4. Анализ хозяйственной деятельности АПК : учеб. пособие / Ю. Т. Додобаев [и др.]. М.: Экономика, 2007. - 476 с

5. Финансовая среда предпринимательства и предпринимательские риски : учеб. пособие / Г.А.Тактаров, Е.М. Григорьева. - М. : Финансы и статистика, 2006. - 256 с.

ӘОЖ 338. 436.33

АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕННІҢ ЭКОНОМИКАНЫ ДАМЫТУДАҒЫ РОЛІ

Г. Р. Кайыржанова

«БҚО ББ Орал газ, мұнай және салалық технологиялар колледжі» МКҚК, Орал қаласы

Ауыл шаруашылығы Қазақстан экономикасының маңызды салаларының бірі болып табылады. Сол себептен республиканың экономикалық дамуының бірегей әлеуетті бағыты бола отырып, ауыл шаруашылығы зор потенциалы бар. Агроөнеркәсіп кешенінің нарық қатынас жағдайындағы құрылымдық өзгерістерін, ұйымдастыру - экономикалық негіздерін зерттей келе, оны келешекте жетілдіруге негізделген ұсыныстарды тұжырымдай отырып алған асулармен ауыл шаруашылығында әлі де бар кемшіліктер туралы баяндалып, одан шығудың жолдары ұсынылады.

Agro-industrial sector is one of the main high-productive and socially significant branches of the Republic economy with a high potentiality. Active progress in mixed economy and significant increase of shares of agrobusiness entities are positive tendencies in agro-industrial sector development for the last years (2003-2006). A new structure based on variety of ownership forms has been created. So, research of economic aspects of agricultural sector modernization on the stage of economical growth is of high priority.

Мақсаты: Агроөнеркәсіп кешендердің нарық қатынас жағдайындағы қызметін, басты салаларының ұйымдастыруының экономикалық негіздерін зерттей келе, оны келешекте елбасы жолдауларында берілген бағыттар мен аргоөнеркәсіптік кешенді дамытуға арналған бағдарламаларға шолу жасау арқылы дәлелдеу.

Міндеті, өзектілігі: Экономиканы көтеруде агроөнеркәсіптік кешеннің қызметін арттыру міндеті болып табылады.

Республикамыздың агроөнеркәсіп кешені экономиканың аса маңызды саласы және ол экономикалық, дағдарысты жою, тамақ және жеңіл өнеркәсіпті дамыту, саяси және әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету жолында шешуші рөль атқарады. Көптеген жылдар бойы өнімді еңбекке ынталандыру тетіктерін жете пайдаланбағандықтан аграрлық, салада терең дағдарыс қалыптасты. Одан шығудың бірден-бір жолы, сөзсіз, осы салада кешенді және жүйелі түрде экономикалық реформа жүргізу еді. Ал оның қалай жүзеге асырылып жатқандығына талдау жасайтын болсақ, ең алдымен нарықтық қатынастарға көшу тактикасындағы орын алған қателіктерді атап өту керек. Агроөнеркәсіп кешенінің алдағы жылдардағы дамуын біз бүкіл әлемде орын алып отырған қаржы дағдарысынан шығу жолдарымен байланыстыра отырып жүргізуіміз қажет. «Бүгінде агроөнеркәсіп кешенін 20 жылдығын атап отырған тәуелсіз еліміздің тек экономикалық емес, әлеуметтік негізі деп атауға толық қақымыз бар. Агроөнеркәсіп кешені экономиканың негізгі салаларының бірі және еліміздің азық-түлік қауіпсіздігі ғана емес, мемлекеттегі қоғамдық-саяси тұрақтылық та осы саланың дамуымен тікелей байланысты. Әлемдік азық-түлік нарығында туындаған дағдарыс пен оның салдары азық-түлік мәселесінің өзектілігін бұрынғыдан да салмақтап, дүниежүзілік экономикалық саясаттың алдыңғы қатарына шығарды. Қазақстанның әрқилы климат жағдайы біркелкі жылы белдеудің барлық мәдениетінің дамуына және мал шаруашылығының дамуына әсер етеді. Қазақстан Республикасы бидай мен ұнның ірі экспортшысы болып табылады (экспортшылардың әлемдік ондығына кіреді). Республикадағы ауылшаруашылық жерінің жалпы ауданы 222,6 млн. га құрайды, оның ішінде 24 млн.га егістік (10,8 %), 5 млн. га шабындық жер (2,2 %), жайылымы 189 млн га. (85 %) алып жатыр [4]. Қазақстанның ауылдық жерін мекендейтін халықтың саны 7,3 млн адам немесе елдегі жалпы халық санының 47,2 % құрайды. Ауыл экономикасын көтеру мақсатында соңғы 10 жыл ішінде байсалды қаржы

ресурстары негізінде бекітілген агроөнеркәсіптік кешен мен ауылды дамыту мен қолдау жөніндегі мемлекеттік және салалық бағдарламалар қабылданған**. Ауылөнеркәсіп кешенінің алға қойған міндеттері:**

- Қазақстанның барлық аумағын қамтитын саланың ауқымды желі құру және алдынғы қатарлы ақпараттық технологияны енгізу есебінен, агроөнеркәсіптік кешенін сипаттайтын жедел ақпаратты жинау, қайта өңдеу мен сақтаудың біріккен жүйесін ұйымдастыру;
- агроөнеркәсіптік кешенінің ақпараттық инфрақұрылымына ауыл тұрғындарының қол жетуін қамтамасыз ету;
- қабылданған басқарушылық шешімдердің сапасын арттыру және үрдістерді жеделдету арқылы сала қызметін мемлекеттік реттеу жүйесінің тиімділігін арттыру;
- ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер мен басқа салалардың кәсіпорындарының тікелей байланыс орнатуына қолдау көрсету. Осы міндеттерді басшылыққа ала отырып көптеген жұмыстар жасалып отыр. 2007 жылдан бастап жобаны жүзеге асыру бойынша төменде аталған жұмыстар орындалды:
- ауыл шаруашылығының үш бағыты, атап айтқанда мал шаруашылығы мен ветенинариялық қауіпсіздік, егіншілік пен фитосанитарлық қауіпсіздік, АӨК саласындағы техникалық саясат бойынша АӨК бірінші кезеңінің біріккен автоматтандырылған басқару жүйесінің кіші жүйесі әзірленді;
- АӨК 331 пайдаланушылармен, соның ішінде аудандық, қалалық және облыстық деңгейдегі 306 және 25 республикалық деңгейдегі пайдаланушылармен бағдарламалық өнімнің 1-кезеңінің кіші жүйелерімен таныстыру жөнінде оқу - үйрету жұмыстары өткізілді;
- Солтүстік Қазақстан (Петропавл қ.), Ақмола облыстары (Көкшетау қ.) мен ҚР АШМ орталық аппараты сияқты пилоттық аймақтар үшін дайындалған кіші жүйелер бойынша өткізілген тесттік сынақтар жемісті өткізілді;
- АӨК саласындағы мемлекеттік органдардың қызметін автоматтандыру аясында әкімшіліктермен өзара тиімді қарым-қатынас орнатушы жұмыс комиссиясы құрылды;
- АӨК модулдерін одан әрі дайындайтын және зерттейтін жұмыс тобы құрылған болатын [5].

Елбасы агроөнеркәсіп саласына өткен жылғы Жолдауында да ерекше мән берген болатын. Бұл ел агрокешенінің алдына өзекті міндеттер қояды. Өйткені, қаржы дағдарысы әлемдік экономиканың көптеген бұлжымас қағидаттарының өзіне елеулі өзгеріс енгізуге, сөйтіп, экономиканың жаңа даму бағыттары мен жүргізу әдістерін белгілеуге мәжбүр етіп отыр. Жаппай жаһандасу жағдайында біздің ел де бұл үдерістен шет қала алмайды. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев биылғы Жолдауында еліміздің агроөнеркәсіп кешені мәселесіне айрықша тоқталды. Елбасының айтуынша, егер аграршылар жұмыстарын дамыта білсе, аса маңызды екі міндетті – азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және экспортты әртараптандыру бір мезгілде шешіледі деген екен. Елбасының Жолдауында жергілікті жерлерге, ауыл тұрғындарының тұрмыс-тіршілігіне, олардың жұмыспен қамтамасыз етілуіне айрықша мән берілу керектігі айтылды. Бұған қоса, ауылдық жерлердің жолдарын, су мен жылу құбырларын жөндеу мен қайта жаңалау, әлеуметтік инфрақұрылымды жандандыру, оның ішінде мектептер мен ауруханаларға жөндеу жұмыстарын жүргізу мәселелерін де назарда ұстау қажеттігі атап өтті. Мұның барлығы қарапайым халықтың әлеуметтік мүддесін көздегеннен туған іс-шаралар дер едім. Ауыз сумен жабдықтауға арналған 15 нысанның құрылысы мен қайта құрылуына республикалық бюджеттен өткен жылы 873,1 млн, ал 5 нысанның құрылысы мен қайта құрылуына жергілікті бюджеттен 514 млн. теңге қаралды. Өткен жылы соның 11 нысаны іске қосылды [4].

Тағы бір жетістігіміздің бірі республикасында «Электрондық Үкімет» қалыптастырудың мемлекеттік бағдарламасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығын орындау мақсатында Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі «E-Agriculture» агроөнеркәсіптік кешені салаларын басқарудың біріккен автоматтандырылған жүйесін (АӨК ББАЖ) құруда. Жалпы жобаның мақсаты - басқарушылық шешімді қабылдау және бизнесті дамыту үшін қазіргі заманғы, біріктірілген және жоғары тиімді ақпаратты ортаны ұсыну арқылы Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытуды белсенді ынталандыру болып саналады. Мемлекет тарапынан агроөнеркәсіптік кешеніне бұрын-соңды болмаған көмек көрсеттілді. Мемлекет басшысының тікелей тапсырмасымен әлемдік дағдарыс жағдайында еліміздің ауыл шаруашылығы саласын қаржылық қолдау мақсатында Үкімет тарапынан кешенді шаралар жүзеге асырылды.

Өткен жылы 2004-2010 жылдар аралығында еліміздің ауылдық аймақтарын дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарлама негізінен аяқталды. Жоғары әлеуетті даму мүмкіндігі бар ауылдық елді мекендер саны 1548 бірлікке дейін өсті. Осы елді мекендерде тұратын халық саны 22 пайыздан 52 пайызға дейін артты. «Ауыз су» бағдарламасы аяқталыып, осы бағдарлама аясында 3417 ауылдық елді мекен сапалы ауыз сумен қамтамасыз етілді. «КазАгро» ұлттық басқару холдингі акционерлік қоғамы өткен жылы агроөнеркәсіптік кешенді қолдауға ұлттық холдинг тарапынан 151,5 миллиард тенге көлемінде қаражат бөлген болатын. Оның 103 миллиард теңгесі агробизинес субьектілерін несиелеуге жұмсалған. «КазАгро» акцинерлік қоғамының бөлінген бюджеттік қаражаттың үстіміздегі жылғы 1 қаңтардағы дерек бойынша 34,4 миллиард теңгесі немесе жоспардың 97,1 пайызы игерілген. Өткен жылы холдинг жалпы құны 94,3 миллиард теңгенің 86 инвистициялық жобасын қаржыландырылған. 2010 жылдың қорытындысында жалпы құны 43,1 миллиард теңгенің 46 ірі жобасы іске қосылған. Қазақстанның индустриаландыру картасы шеңберінде холдинг өз қаржысы есебінен жалпы құны 23,3 миллиард теңге болатын 9 ірі жобаны қаржыландырған. Индустриялық-инновациялық жобаларды іс жүзіне асыру нәтижесінде 2000 жаңа жұмыс орны ашылып, шағын несие беру бағдарламасы бойынша 6,8 мың адам жұмыспен қамтылған. Лизинг және несиелеу бағдарламасы бойынша ауыл шаруашылық субьектілеріне 26,3 миллиард теңге мөлшерінде несие бөлініп оған 1264 жаңа ауыл шаруашылық техникалары сатып алынған. Қазақстанның оңтүстік және бастыс өңірлеріне мемлекеттік қор есебінен астық жөнелту тәжірибесі тұрақтанды. Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы ішкі рыноктағы мемлекеттік қор астығын қосқанда өткен жылы 1,8 миллион тонна көлемінде астық сатып алды. Қазірдің өзінде осы қор есебінен үн және нан бағасын тұрақтандыру үшін өңірлерге 556 мың тонна бидай жөнелтілді [2].

Ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдаудың жаңа даму институттарының алғашқы қарлығашы болып «Аграрлық несие корпорациясы» жабық акционерлік қоғамы құрылды, сол арқылы ауыл шаруашылығы туар өндірушілерінің жеңілдетілген несие ресурстарына қол жетімділігін қамтамасыз етуге жаңа мүмкіндіктер жасалды. Несие корпорациясы сол жылы наурыз айынан бастап өз міндеттерін атқара бастады, содан беру корпорация арқылы ауыл шаруашылығы өндірісін несиелейтін мемлекеттік қаржы ресурстарын ауылға жүйелі түрде бағыттауға жол ашылды. «Аграрлық несие корпорациясы» арқылы ауыл шаруашылығын қолдаудың жаңа бағыттары жасалды. Еліміздегі барлық селолық аудандарда кредиттік серіктестіктер құрыла бастады. Бастапқы жылы алғашқы 18 кредиттік серіктестік құрылып корпорация тарапынан қаржыландырылған болса, кейіннен бұл кредиттік серіктестіктер саны 146 бірлікке, ал оларға мемлекет тарапынан бөлінген қаржы 9,68 миллиард теңгеге жетті, бүгінде серіктестіктер саны 161 бірлікті құрап отыр. Өткен 2010жылы 39,1 млрд. теңге көлемінде кредиттік ресурстар берілді. Бүгінгі таңда кредиттік серіктестіктерге қатысушылардың 6799-ға жетті, оның 62 пайызы шаруа қожалықтары, 10 пайызы жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, 8 пайызы өзге ұйымдар. Біздер Үкімет басымдық берген агроөнеркәсіптік кешеннің индустриялық-инновациялық дамуын қамтамасыз ету бағытында жұмыс атқарамыз және осының нәтижесінде еліміздің аргарлық саласының бәсекеге қабілеттілігін арттыру, еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету ісіне өз үлесімізді қосатын боламыз [1].

Ауыл шаруашылығы секторын дамыту барысында көптеген шешілмеген мәселелер бар. Соңғы жылдары кейбір ауылдарымыз жойылып барады. Мәселен, астықты мекендеріміз Солтүстік Қазақстан облысында соңғы бес жылдың көлемінде аймақ картасынан 48 ауыл жойылған болса, былтырғы жылы Қостанай облысы бойынша 20 елді мекен ресми түрде жабылыпты. Ал жалпы, соңғы бес жыл ішінде Қостанай облысы бойынша, 127 ауыл жойылған көрінеді. Қай аймағымызда болсын, жойылған ауылдарға қатысты мұндай мысалдар жетерлік. Осы орайда ауылды дамытпайынша, ауыл шаруашылығын дамыта аламыз ба? – деген сұрақ туындайды. Егер ауылдық жерлерде ауыл шаруашылығын дамытсақ, сол ауылдың әлеуметтік жағдайын көтеруге де үлкен көмек болар еді. Ауылдардағы ауыл шаруашылығын дамытып, адамдарға жұмыс тауып бере алмай отырғаннан кейін тұрғындар туған жерлерін тастап көшіп жатыр. Нәтижесінде, ауылдарымыз қаңырап бос қалып, картадан сызылуда. Бұл – өте өкінішті жайт. Елбасымыздың өзі бір сөзінде: «Қазір жұмысты қаладан емес, ауылдан іздеу керек, дағдарыс жағдайында бізді асырайтын – ауыл», – деген еді. Сондықтан ауылдарда мал, егін шаруашылығы өнімдерін өңдеп, тұтынушыларға жіберетін өндіріс орындарын ашып, ауыл тұрғындарының тіршілік етуіне, ауылдың мүмкіншілігін толықтай пайдалануға мүдделілік таныту керек. Ендеше «ауыл жастарын оқыту арқылы өздеріне маман дайындап аламын,

ауылдағы ауыл шаруашылығын дамыту жұмыстарын жүргіземін» немесе бизнес-жоспар құрып, ауыл шаруашылығын дамытуға күш салса, «екі қолға – бір күрек» іздеп жүрген ауыл тұрғындары қолдар еді деп ойлаймын. Мәселен, Үкімет тарапынан «Дипломмен – ауылға!» секілді мемлекеттік бағдарламалар қабылданып, жұмыс істеуде. Бірақ, бүгінгі күні маман тапшылығына байланысты сыртқа телміруіміздің басты себебі – жаңа шетелдік технологияларды, жобаларды өндіріске енгізген соң, оны ары қарай өркендетіп алып кететін мамандар елімізде жетіспейді. Амал жоқ, маман сұрап сыртқа жалтақтаймыз. Сондықтан шетелдік жаңа жобаларды, технологияларды енгізер алдында оны жүзеге асыратын мамандарды қоса дайындауға да көңіл бөлу керек. Елбасы биылғы жолдауында «Өз өңірлерін ауылмен байланыстырғандар үшін Үкімет жергілікті билік органдарымен бірлесіп, селолық кәсіпкерлікті дамыту жөнінен шаралар кешенін әзірлеуге тиіс» деді. Ал ауылдағы кәсіпкерлікке ең біріншіден мал бағу, егін мен түрлі дақылдар, көкөніс, жеміс-жидек өсіру және олардың өнімдерін қайта өңдеу жатады. Сондықтан, Елбасы алға қойған тапсырмалар мен міндеттерді абыроймен орындап шығу үшін облыс агроөнеркәсіпшілері жаңа биіктерді бағындырады деп күтеді [3].

Сөз қорыта келе, біз өзіміздің жерімізді құрметтемей, оның қадірін сезінбей, жерге деген бүгінгі көзқарасымызды өзгертпей, Жер-Ана ретінде күтіп-баптау арқылы Ыбырай Жақаев, Шығанақ Берсиев секілді аталарымыздың ұрпағы ретінде жердің төсін «еміп», өнімін керегімізше пайдаланбайынша, өз жерімізге өзіміз иелік ете алмаймыз. Кейде біреулердің көз тігіп, шекараны бері жылжытуға тырысуының өзі біздің жер қадірін сезінбей, бос жатқызуымыздан емес пе екен деген ойға қаламын. Бүгінде біздің жерімізге қызыға қарап, көз алартушылар өте көп. Жерімізді олардың сұғанақ көзінен сақтаудың бір ғана жолы – жерді игеруге ұмтылу. Егер адам баласы Жер-Анаға өз сүйіспеншілігін, құрметін, қызығушылығын қаншалықты білдіре алса – ол да өз перзенттеріне бойындағы барын береді. Біздің даламыз кең-байтақ қана емес, түгін тартса майы шығатын – өте құнарлы мекен. Біз осыны бағалап, сол жердің төсін жайқалған егін мен мыңғырған малға толтыруға ұмтылуымыз керек! Осы орайда өз тарапымнан агроөнекәсіп кешенінің экономиканы арттыруда бірнеше ұсыныстар айтып кетсем:

- ауыл шаруашылығы өндірісін несиелейтін мемлекеттік қаржы ресурстарын арттыру;
- ауылдық аймақтарын дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарлама негізінен мәдени орталықтарды көптеп ашу;
- ауыл шаруашылығына қажетті техникамен қамтамасыз ету;
- «Дипломмен ауылға» бағдарламасы бойынша мамандарды ауылға көптеп тарту. Біз осы орайда жастардың қызығушылығын арттыру мақсатында олардың демалыс уақытытарында, тәжірибеден өту кезінде неге ауыл шаруашылық өнімдерін игеруде, ауылға шөп шабу, егін ору, жеміс-жидек жинау сияқты тағы басқа жұмыстарға жастарды жібермеске дегім келеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Д.Қажахметов /Ауылды қолдаудың тиімді бағыты //Егемен Қазақстан, 2011. – 11 наурыз. - 5 б.
2. Ж. Жағыпарұлы / Дағдарыстан кейінгі дамудың тұғырына айналған жыл. // Егемен Қазақстан, 2011. - № 55. - 4-б.б.
3. К.Сәттібайұлы / Азық түлік жеткілікті ме, ағайын? // Егемен Қазақстан, 2011. - № 53-54. - 1-4-б.б.
4. www.egemen.kz
5. www.thenews.kz
6. www.minagri.kz
7. www.egov.kz
8. www.akorda.kz

ӘОЖ: 338.436.33

АГРОӨНЕРКӘСІП КЕШЕНІНІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ

Ж. Б. Кенжин, аға оқытушы

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық техникалық –университеті, Орал қаласы

Мақалада агарөнеркәсіп кешенінің инновациялық даму жолдары қарастырылған. Агрөнеркәсіп кешеніндегі инновацияның даму мәселері және жағдайы келтірілген.

In article innovative ways of development of agriculture are considered. Conditions and factors of development of an innovation in agrarian and industrial complex.

Агроөнеркәсіп кешені - Қазақстан экономикасының ең негізгі саласы болып табылады. Аграрлық сектордың даму деңгейі қазақстандық қоғамның әрқашанда экономикалық және саяси тұрақтылығының айқындаушы факторы болып табылады.

Қазақстанның ауылшаруашылығы саласы оның құрылымдағы рөлі мен экономикалық тұтастығы, ұдайы өндірістік іс жүргізуі бойынша негізгі тірегі болып табылады. 2020 жылға дейінгі даму стратегиясына сәйкес агроөнеркәсіптік кешен жеті басым секторлардың қатарында өзінің салалық артықшылығын және ауқымды әлеуетін толық жүзеге асыруы тиіс.

Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауын жүзеге асыру жолында ауыл шаруашылығы алдында бүгінде жаңа елеулі міндеттер тұр. Инновациялық технологияларды енгізу ауыл шаруашылығындағы басым бағыттардың біріне айналуда. Әлемдік тәжірибе ғылыми-техникалық прогрестің макро да, сол сияқты микродеңгейдегі де тиімді әлеуметтік-экономикалық жаңарулардың бірден-бір шынайы негізі болып табылатынын растап беріп отыр. Дегенмен, Қазақстанда агроөнеркәсіп кешенінде ғылыми және іске енгізушілік саланы ұзақ жылдар бойы жете бағаламаушылықтың бар екендігі байқалады, ал ол ғылым мен техника дамуының тоқырауына, аграрлық ғылым беделінің жойылуына, АӨК салаларында ғылыми-техникалық прогресс қарқынының бәсеңсуіне, өндірілетін ғылыми-техникалық өнімдерге сұраныстың болмай қалуына әкеліп соқтырады.

Қазіргі уақытта инновацияларды дамыту есебінен экономиканың өсуін қамтамасыз етуге бағытталған 2010-2014 жылдарға арналған үдемелі индустриялық-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасы елдегі инновациялық саясаттың басты бағдары болып табылады.

Қазақстанның агроөнеркәсіп өндірісінде инновациялық үрдісті дамытудың тұжырымдамасында инновациялық үрдіс «жаңа немесе жақсарған ауыл шаруашылық өнімдері мен оның қайта өңделген өнімдерін, және шикізатты өңдеудің жаңа немесе жетілген технологиясын жетілдіру мақсатында ғылыми зерттеулер мен әзірлемелер жүргізіліп, инновацияны құру және оларды өздерінің тікелей өндірісінде игеру бойынша нақты іс-шаралардың заңды және кезекпе-кезек жүргізілетін жүйесі» деп анықтау ұсынылады.

Қазіргі уақытта Қазақстанда мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың аса көп нормативтік құжаттары бар, олар эканомиканың салаларында инновациялық қызметті реттейді, соның ішінде агроөнеркәсіп өндірісінде, мемлекеттік инновациялық саясаттың негізін белгілейді. Оларға «Ғылым туралы», «Мемлекеттік ғылыми-техникалық саясат туралы» республиканың заңы және т.б. құжаттар. Инновация туралы заң, сонымен бірге «2006-2015 жж. ҚР индустриалды-инновациялық даму бағдарламасы» әзірленді және бекітілді.

Осыдан келе, инновациялық үрдісті өндірістік-экономикалық жүйеде ғылыми және ғылыми-техникалық қызметтердің нәтижелерін жүйелі қолдануға мүмкіндік беретін, техника-технологиялық және ұйымдастырушылық-басқарушылық кезеңдерін өзара байланыста және өзара тәуелділікте қарастыру ұсынылады. Инновациялық кезең жаңалықтың немесе ғылыми әзірлеменің пайда болуы мен оларды өндірістік үрдісте қолдану арасындағы уақыт мерзімін көрсетеді.

Агроөнеркәсіп кешенінің инновациялық дамуына ықпал ететін шарттар мен факторларды талдау оларды кері ықпал етуші (инновациялық дамуды тежеуші) және оң ықпал етуші (инновациялық процестердің қарқындылығын күшейтуші) деп екіге бөлуге мүмкіндік береді.

Агроөнеркәсіп кешенінің инновациялық дамуына оң ықпалын тигізетін шарттар мен факторларға шаруашылық жүргізудің нарықтық тәсілін, табиғи ресурстардың көптігін, ғылым мен білім әлеуетінің жеткіліктілігін, ішкі азық-түлік нарығының ауқымдылығын, экологиялық тұрғыдан қауіпсіз, табиғи азық-түлік өнімдер өндірісінің мүмкіндігін жатқызуға болады.

Ал, кері ықпал ететін шарттар мен факторлар ретінде отандық ауыл шаруашылығы ғылымындағы ұйымдық құрылымның күрделілігін; ғылыми-техникалық және инновациялық қызмет түрлерінің әркелкілігін; ғылыми зерттеулердегі өңірлік, салалық және салааралық сипаттағы мәселелердің үлес салмағының басымдығын; ұдайы өндіріске қатысты кейбір мәселелерді зерттеу мерзімінің тым ұзақтығын қарастыруға болады. Аталмыш факторлар ауыл шаруашылығы ғылымы мен аграрлық ғылыми зерттеулерді басқаруда елеулі қиыншылықтар туғызады.

Агроөнеркәсіп кешенінің дамуына қажетті шарттардың бірі – ғылыми-техникалық прогресс. Аталмыш процесс ғылым мен техника жетіктістерін игеру арқылы кеңейтілген ұдайы өндірісті жүргізуге мүмкіндік беретін инвестициялық-инновациялық процестерге негізделеді. Сонымен қатар, кадр (маман) әлеуеті агроөнеркәсіп кешеніндегі инновацияларды игерудің басты факторларынан саналады. Сол себептен, кадр әлеуетін күшейтпестен ауыл шаруашылығы өндірісіне озық үлгідегі, ресурс үнемдеуші технологияларды ендіру мүмкін емес.

2011 жылдың қаңтар-наурыз айларында ауыл шаруашылығы өнімінің (қызметінің) жалпы өндірісі 175,1 млрд. теңгені құрады, ол 2010 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 1,8% артық, оның ішінде мал шаруашылығы өнімінің өндірісі 171,4 млрд. теңгені, өсімдік шаруашылығы – 3,7 млрд. теңгені құрады.

Мал шаруашылығы саласында мал мен құс санының және оның өнімін өндіру көлемінің тұрақты өсуі байқалуда.

2011 жылдың 1 сәуіріндегі жағдай бойынша өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда барлық санаттағы шаруашылықтарда ет өндірісі (тірі салмақта) 1,4% -ке артып, 328,0 мың тоннаны құрады, тиісінше сүт өндіру – 1,3% -ке немесе 853,1 мың тоннаға, жұмыртқа өндіру 8,8 % -ке немесе 838,5 млн. данаға артты.

Ірі қара малдың саны 1,4% -ке өсіп, 6959,1 мың басты құрады, қой және ешкі - 4,0 % -ке артып, 20953,7 мың басты, шошқа – 0,3 % -ке артып, 1591,4 мың басты, жылқы – 6,5 % -ке артып, 1554,9 мың басты, түйе – 9,6 % -ке артып, 173,9 мың басты, құс – 0,9% -ке артып, 33 134,6 мың басты құрады.

Барлық санаттағы шаруашылықтарда 1 сиырдың орташа сүт сауылымы – 1,1% -ке артты және 378 кг-ды құрады, орташа 1 жұмыртқалағыш тауық жұмыртқасының шығымы былтырғы жылдың деңгейінде қалып 49 дананы құрады. Ал, ауыл шаруашылығы кәсіпорындары бойынша 1 сиырдың орташа сүт сауылымы – 783 кг-ды құрады немесе өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда 15,5 % -ке өсті, жұмыртқа шығымы орта есеппен 71 дананы құрады немесе 6,0 % -ке өсті.

Ауыл шаруашылығы басқармаларының алдын ала жасалған деректері бойынша 2011 жылы ауыл шаруашылығы дақылдарының барлық егіс алқабы 21,3 млн. га (2010 жылғы деңгейге 89,8 мың га төмен (0,4%) құрайды, оның ішінде дәнді дақылдар 16,5 млн. га (153,1 мың га төмен), майлы дақылдар – 1711,8 мың га (37,7 мың га төмен), қант қызылшасы – 21,8 мың га (1,7 мың га жоғары), көкөніс-бақша дақылдары және картоп – 364,7 мың га

(1,1 мың га жоғары), жемшөптік дақылдар – 2617,5 мың га (94,9 мың га жоғары) алқапта орналасады. Өткен жылмен салыстырғанда мақтаның егіс алқабы 2,5 мың га жоғарылайды. Бұл ретте жазғы егіс 18,6 млн. га алқапта өткізіледі, бұл 2010 жылғы деңгейден 0,2 млн. га төмен.

2011 жылғы 1 сәуірге Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің дерегі бойынша республикада 7,4 млн. тонна астық бар, оның ішінде азық-түліктік астық – 5,1 млн. тонна, бұл ішкі нарықты жаңа өнімге дейін қамтамасыз етуге және экспортқа жеткізуге жеткілікті.

